

A portrait of a middle-aged man with dark hair, wearing a dark suit, a light blue shirt, and a blue patterned tie. He is standing in front of a large window that offers a panoramic view of a city with several tall buildings and snow-capped mountains in the background. The lighting is warm, suggesting an indoor setting with natural light from the window.

**АЛТАЕВ
ЖАҚЫШБЕК
АЛТАЙҰЛЫ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

АЛТАЕВ
ЖАҚЫПБЕК АЛТАЙҰЛЫ

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Алматы
«Қазақ университеті»
2008

Жауапты редактор

З. А. Мансұров

Құрастырушылар:

С. Б. Булекбаев, Т. К. Ысқақов, Ж. Қазиева, С. Т. Туреханова

Редакторлар:

Д. Т. Нұрғалиева, Т. К. Ысқақов

Алтаев Жақыпбек Алтайұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш /Құраст.: С.Б.Булекбаев, Т.К.Ысқақов, Ж.Қазиева, С.Т.Туреханова; Жауапты ред. З.А.Мансұров; ред.: Д.Т.Нурғалиева, Т.К.Ысқақов. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 82 б.

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА

АЛТАЕВ
ЖАКИПБЕК АЛТАЕВИЧ

Библиографический указатель

Алматы
«Қазак университеті»
2008

Ответственный редактор

З. А. Мансуров

Составители:

С. Б. Булекбаев, Т. К. Искаков, Ж. Казиева, С. Т. Туреханова

Редакторы:

Д. Т. Нургалиева, Т. К. Искаков

Алтаев Жакипбек Алтаевич: библиографический указатель /Сост.: С.Б.Булекбаев, Т.К.Искаков, Ж.Казиева, С.Т.Туреханова; Ответ. ред. З.А.Мансуров; ред. Д.Т.Нургалиева, Т.К.Искаков. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 82 с.

АЛҒЫ СӨЗ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының библиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің философия және әлеуметтік таным методологиясы кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтайұлы Алтаевқа арналған.

Библиографияға ғалымның өмірі мен қызметін сипаттайтын мәліметтер, ол туралы әріптестерінің пікірлері, өз еңбектері енгізілген.

Материалдар мезгілдік тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде - әріптік ретімен: қазақша, одан кейін орыс тілдерінде жарияланған еңбектер беріліп отыр.

Қарауға мүмкіншілік болмаған мақалалар *de visu* жұлдызшамен белгіленген.

Оқырмандардың пайдалануына ыңғайлы болу үшін бірлескен авторлардың есім көрсеткіші қосымша беріліп отыр.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель является продолжением серии библиографий ученых Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Библиография посвящена заведующему кафедрой философии и методологии социального познания факультета философии и политологии КазНУ доктору философских наук, профессору Алтаеву Жакипбеку Алтаевичу.

Библиографический указатель включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, перечень его публикаций и литературу о нем.

Материалы расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года – по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском, затем на русском языках.

Материалы, не просмотренные на *de visu*, отмечены звездочкой.

В именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ.

ПРОФЕССОР Ж.А.АЛТАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Жақыпбек Алтаев 1948 жылы 21 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданының Қазығұрт елді мекенінде дүниеге келді.

1966 ж. – Қ. Сәтбаев атындағы №1 қазақ орта мектебін бітірді.

1966-1967 жж. – Ауыл шаруашылығында жұмысшы.

1967-1972 жж. – В.И. Ленин атындағы Ташкент мемлекеттік университеті философия және экономика факультетінің студенті.

1972-1973 жж. – Қазығұрт аудандық газетінің тілшісі.

1973-1976 жж. – М.О. Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институты, философия кафедрасының оқытушысы.

1976-1979 жж. – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті философия және экономика факультетінің философия тарихы және логика кафедрасының аспиранты.

1980-1985 жж. – Алматы темір жол транспорты инженерлік институты, философия кафедрасының аға оқытушысы.

1982 ж. – 09.00.03-философия тарихы мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

1985 ж. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті философия және әлеуметтік таным методологиясы кафедрасының доценті, профессор.

1997 ж. – 09.00.03-философия тарихы мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғады.

1998 ж. – профессор ғылыми атағы берілді.

2003 жылдан қазіргі уақытқа дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті философия және әлеуметтік таным методологиясы кафедрасының меңгерушісі.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И НАУЧНО- ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА Ж. А. АЛТАЕВА

Алтаев Жакипбек Алтаевич родился 21 апреля в 1948 году в селе Казыгурт, Казыгуртского района Южно-Казахстанской области.

1966 г. – окончил среднюю школу № 1 им. К. Сатпаева.

1966-1967 гг. – работник сельского хозяйства.

1967-1972 гг. – студент философско-экономического факультета Ташкентского государственного университета им. В.И. Ленина.

1972-1973 гг. – корреспондент Казыгуртской районной газеты.

1973-1976 гг. – преподаватель кафедры философии Шымкентского педагогического института им. М.О. Ауэзова.

1976-1979 гг. – аспирант кафедры истории философии и логики факультета философии и экономики КазГУ им. С.М. Кирова.

1980-1985 гг. – старший преподаватель кафедры философии Алма-Атинского института инженеров железнодорожного транспорта (КазАТК).

1982 г. – защитил кандидатскую диссертацию по специальности 09.00.03. - история философии.

1985 г. – профессор, доцент кафедры философии и методологии науки факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби.

1997 г. – защитил докторскую диссертацию по специальности 09.00.03- история философии.

1998 г. – присвоили звание профессора.

С 2003 г. по настоящее время – заведующий кафедрой философии и методологии социального познания факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби.



Әкем Алтай Қалдиярұлы, анам Жаңбыркүл Қалдыкезқызы



Қазығұрт ауылы - туған жер Алтаевтар әулеті (1998 жыл)



Жақыпбек Алтаев мектеп шағында (1964 жыл)



Ленин селосы, 1970 жылдын 1 мамыры



**Жақыпбек Алгаевтың студент кезі
(1969 жыл)**



Ж.А. Алтаев (Алматы қаласы, 1978 жыл)



Ұстазы профессор А.Х. Қасымжановпен бірге (Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университеті, Түркістан қаласы, 1992 жыл)



Демалыс кезінде. Солдан оңға қарай: профессор А.Х. Қасымжанов, шәкірттері Т.К Искаков және Ж.А. Алтаев (Алматы қаласы, 1978 жыл)



**Кандидаттық диссертация қорғау алдында
(Мәскеу қаласы, 1982 жыл)**



Үйлену тойы күні (1977 жылдын 12 қарашасы)



**Профессор Жақыпбек Алтаев жұбайы Райханмен
(Алматы, 1995 жыл)**



Түркістан қаласы (2004 жыл)



Алтаевтар отбасы. Солдан оңға қарай: Райхан, Шыңғыс, Камила,
інісі Данияр (Алматы, 1984 жыл)



**Профессор Ж.А. Алтаев отбасымен: жұбайы Райхан,
ұлы Шыңғыс, қызы Камила (Алматы, 1996 жыл)**



Профессор Жақыпбек Алтаев ұлы Шыңғыспен



**Қызы Камила отбасымен, жолдасы Шыңғыс,
баласы Мұхтар**



**Солдан оңға қарай: профессор Ж. Алтаев, құдағиы Баян,
құдасы профессор Құлбек Ергөбек, жұбайы Райхан (Алматы, 2007 жыл)**



**Халықаралық ғылыми конференция (1993 жыл, Тегеран қаласы)
профессор Аманжол Қасабек, профессор Жақыпбек Алтаев**

ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР ЖАҚЫПБЕК АЛТАЙҰЛЫ АЛТАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Профессор Жақыпбек Алтаев 1948 жылы 21 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылында дүниеге келді (ресми құжаттарда 21 қыркүйек деп қате жазылған). Бұрын Ленин ауданы, Ленин селосы болып аталған.

Әкесі Алтай, анасы Жаңбыркүл, екеуі де еңбек адамдары болған. Әкесі ауыл шаруашылығы маманы ретінде өмір бойы шаруашылықта еңбек етті. Мамандығы - зоотехник. Жақыпбек Алтаев Айымта әжесінің тәрбиесінде өсті. Әкесі Қалдиярұлы Алтай 1976 жылы 70 жасқа қараған шағында дүниеден қайтты. Соңынан үш ұл, үш қызы, олардан өсіп өнген ұрпақтар қалды. Жақыпбек Ақжарқын деген апасынан кейінгі екіншісі, кейінгі інісі Жанай, қарындастары Гүлзада, Ботагөз кіші інісі Данияр бәрі де жоғары білімді, мемлекеттік қызметте еңбек етуде.

Профессор Жақыпбек Алтаев анасы мен әкесін есіне алып: «Анам – Жаңбыркүл бар аналық сүйіспеншілігін біздерге арнады, оны сөзбен айтып жеткізу қиын. Марқұм анамның аруағы разы болсын, ол кісінің біздерге жасаған қамқорлығы, тәрбиелеп оқытудағы теңдесі жоқ ерлігі мен еңбегі ұшан-теңіз.

Есімде, әкем мені қашанда жанына ертіп жүретін, достарымен кездесуде үнемі оның қасында болдым. Олардың аталы сөздерін естідім. Көп жақсы қасиеттерді, аз сөйлеп көп тындауды үйрендім. Әсіресе менің есімнен шықпайтыны - әкем және оның төрт-бес қатар жолдастары кешке қарай бас қосып, әңгіме-дүкен құрып, соңынан маған жақсы кітаптар, қазақ эпостары мен батырлар жырларын оқытқызатын. Түн ұзақ түннің бір уағына дейін мен мәнерлеп оқимын, ол кісілер тыңдайды, бұл бір түн емес бірнеше түнге созылатын. Сол кештердің нәтижесінде мектепте оқып жүрген кезімде-ақ қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорынан біраз хабардар болдым. Кейін университет қабырғасында оқып жүргенде де көп пайдасын көрдім».

«Болашақ мені философияға, қазақ философиясына алып келді. Сөйтіп, философия ғылыми өмір жолымның бар мәні мен мазмұнына айналды», - дейді.

1966 жылы аудан орталығындағы №1 Ленин атындағы қазақ орта мектебін (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы орта мектеп) үздік бітірді.

1967-1972 жылдар аралығында В.И. Ленин атындағы Ташкент мемлекеттік университеті философия және экономика факультетінің философия бөлімінде оқыды. Осы кездерде студенттік ғылыми жұмыстармен айналысып, профессор Л.Е.Гарбердің жетекшілік етуімен философия тарихы мамандығы бойынша дипломдық жұмысты үздік қорғап шықты.

1973 жылы жолдамамен Шымкент педагогикалық институтына философия кафедрасына оқытушылық қызметке келді. Мұнда да институттың қоғамдық жұмыстарына белсене араласты.

1976 жылы институт ректоратының шешімімен Алматы қаласы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және экономика факультеті, философия тарихы және логика кафедрасына аспирантураға арнайы жолдамамен жіберілді. 1976-1979 жылдары аспирантураның күндізгі бөлімінде оқып, онда қазақстандық философия мектебінің ең ірі өкілдерінің бірі, профессор Ағын Хайруллаұлы Қасымжановтың аспиранты болды. Ғұлама ғалыммен осы танысу – оның ғылыми жолындағы ең бір атаулы оқиға болды. Одан кейінгі кезеңдегі бүкіл шығармашылық жолы, ғылымда жеткен табыстары мен жетістіктері осы кісінің атымен байланысты.

Ұстаз бен шәкірт арасындағы толыққанды шығармашылық байланыс өз жемісін бере алды. Ол 1982 жылы философия тарихы мамандығы бойынша профессор А.Қасымжановтың ғылыми жетекшілік етуімен «В.И. Лениннің философиялық дәптерлері мен империализм туралы дәптерлеріндегі қарама-қарсылықтар проблемасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1980 жылы аспирантураны бітіргеннен кейін жоғары және арнаулы білім министрлігінің шешімімен Алматы темір жол транспорты инженерлік институтының философия кафедрасында аға оқытушылық қызметте қалдырылды.

Ал 1985 жылдан қазіргі уақытқа дейін профессор Жақыпбек Алтаевтың бүкіл ғылыми-педагогикалық қызметі мен шығармашылық өмірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтуде. Оның ұстазы А.Қасымжановтан алған білімі мен тәжірибесі осы университет қабырғасындағы қызметінде нақты нәтижелерге алып келді. Қазақтың білімі мен ғылымының қара шаңырағы аталатын осы оқу орнының қабырғасында өткізген қызмет

жылдарында профессор Ж. Алтаев өзін теориялық білімі терең, күрделі ғылыми тақырыптарға еркін баратын, ғылыми зерттеу методологиясын жетік меңгерген, педагогтық қабілеті жоғары маман ретінде көрсетіп, ғалым-ұстаз болып қалыптасты. Ұстаздық қызметінде студенттердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік етумен қатар, философияның аса өзекті мәселелері бойынша арнайы курстар дайындап, ол дәрістерін үзбей беріп келеді.

Оның көп жылғы тыңғылықты зерттеу жұмыстарының қорытындысы болып 1997 жылы қорғаған «Қазақ философиясының қалыптасуы» атты тақырыптағы докторлық диссертациясын атауға болады. Мұнда да ғылыми жетекші ретінде профессор А.Қасымжановтың еңбегі зор болды. Ұстаз бен шәкірттің шығармашылық одағы, осылайша, докторлық диссертацияны үздік қорғаумен тиянақтала түсті.

1998 жылы профессор ғылыми атағы берілді.

Осы докторлық тақырыпты белгілеуде профессор Ағын Қасымжанов пен профессор Аманжол Қасабектің ықпалы күшті болды. Себебі еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қол жеткен шақта өз рухани мұраларымызға мойын бұруға деген үлкен қажеттілік туды. Замана талабына сай жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде, осы салада алғашқылардың бірі болып, профессор А.Қасабекпен бірлесіп жазған «Қазақ философиясы тарихына кіріспе» атты ғылыми еңбектері тұңғыш рет 1994 жылы «Ер-Даулет» баспасынан, одан кейін осы авторлықта 1996 жылы «Қазақ философиясы» атты ғылыми еңбек болып жарық көріп, ғылыми оқырман қауымнан жоғары баға алды.

Жақыпбек Алтаевтың ғылыми жетекшілік етуімен 1 докторлық, 15 кандидаттық диссертациялар қорғалды. Олардың көпшілігі қазақ философиясы тарихы, мәдениеттану, әлеуметтік философия теориясы мәселелеріне арналған.

2003 жылдан Ж.Алтаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде, философия және әлеуметтік таным методологиясы кафедрасының меңгерушісі. Кафедрада, факультетте өз әріптестерімен қашанда жақсы қарым-қатынаста болды, ол өз қызметінде жоғары ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Ақ көңіл жайдары мінезімен, адамдармен бірқалыпты қарым-қатынас жасай білуімен, білімділігімен үлгі бола отырып, өзі басқаратын кафедра ұжымын философияның қазіргі өзекті мәселелері бойынша студенттерге,

магистранттарға, аспиранттарға тереңдете білім беруге қол жеткізді, осы мақсатты ең жоғары талап деңгейінде қалыптастырды.

Профессор Ж.Алтаев үлкен философия мектебінен өткен оқымысты. Іргесі сол кезден қаланған оның энциклопедиялық–теориялық білімінің кеңдігі – оған философияның әр саласына еркін баратын кең тынысты, бірнеше пән бойынша мағыналы, әрі мазмұны терең дәрістер бере алатындай мүмкіндік туғызды.

Кафедрадағы жас қазақ философиясы тарихы, әлеуметтік философия және мәдениет теориясы мен тарихынан маманданып жүрген аспиранттарға, ізденушілерге ғылыми жетекшілік етуде де үлкен қырынан танылуда. Студенттерге философиялық антропология, құқық философиясы, ислам философиясы, әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұралары атты тақырыпта арнайы курстарды көп жылдан бері оқып келеді. Бірнеше, яғни 2 ғылыми монография, 10-ға жуық оқулықтар мен оқу құралдарының, 70-тен аса ғылыми мақалалардың авторы. Кафедрадағы ғылыми ізденістерді үйлестіруде, осы жұмыстарға жетекшілік етуде, философиялық-методологиялық мәселелерді көтеруде де атқарып жүрген жұмыстары қомақты.

Сонымен қатар халықаралық деңгейде көрініп жүрген ғалым. 1993 жылы сәуір айында профессорлар Тұрсынбек Кәкішев, Аманжол Қасабек, Жақыпбек Алтаев Иран Ислам Республикасында халықаралық ғылыми конференцияға қатысып баяндама жасады. 30 томдық ислам энциклопедиясына мақала шығарды.

2006 жылы сәуір айында Сауд Арабиясы Корольдігінің тікелей шақыруымен бір айлық ғылыми, ресми сапарында болып қайтты. Сапар барысында Доктор Салехтің қабылдауында болып, сондай-ақ елшілік қызметкерлері және араб ғалымдарымен кездесіп, ғылыми тәжірибе алмасты.

Профессор Жақыпбек Алтаев көп жылдан бері қазақ философиясы тарихын, мәдениет теориясы мен тарихы, әлеуметтік-философиялық антропология мәселелерін зерттеумен айналысады. Осы сала бойынша біраз ғылыми еңбектер мен шәкірттерді дайындап шығарды. Оның қазіргі таңдағы бар ғылыми әрекеті қазақ философиясы тарихын зерттеудің методологиялық принциптерін, оның шығу тегі мен даму кезеңдерін, сонымен бірге жаңа түрдегі ойлау жүйесі мен элементтерін танып білудің философиялық мәселелерін анықтауға бар күш-жігерін салып келеді.

Ол әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану мамандықтары бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы, бақылау

комитетінің сараптау кеңесінің мүшесі болып тағайындалды. Бұл – ғалымға көрсетілген үлкен сенім. Ол қазақ философиясының теориялық деңгейінің әлемдік деңгейге көтерілу жолында игілікті істер атқаруда. Ол сонымен бірге, жыл сайын өз факультетінде ұстазы профессор А.Қасымжановқа арналған «Қасымжанов оқуларын» өткізіп отыруды дәстүрге айналдырды. Мұның студенттер үшін методологиялық, теориялық маңызы аса зор. Олар Қасымжановтың ой лабораториясына ену арқылы философиялық ойлау мәдениетін тереңдете түсуде. Олар үшін жылма-жыл ұлы философпен «тілдесу» философ-маман ретінде қалыптасуына көптеген көмегін тигізетіні анық. Осы шараның ұйтқысы профессор Ж.Алтаев болды деген әділдік. Биылғы жылы да, қазан айының 18 жұлдызында Ж.Алтаевтың ұйымдастыруымен философия және саясаттану факультетінде Ағын Қасымжановтың шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми конференция өткелі отыр. Ұстазға деген шәкірттік құрмет осылай көрініс тапса, оның тәрбиелік мағынасын студенттерге ұқтырып отырғанда ғана ғалым мен ғылыми этикадағы сабақтастық ешқашан үзілмейтін болады.

Жақыпбек Алтаев – жоғары мәдениетті, парасатты, зиялы, өзінің айналасындағы адамдарға қамқоршы, жан-жақты білімнің иегері, ізгі жан, қарапайым адам. Сондықтан ол өз әріптестері мен шәкірттерінің арасында шынайы бедел мен құрметке ие.

Ж.Алтаев үлгілі отбасы. Ол ұлы мен қызын тәрбиелеп, білім беріп, елге, Отанға қызмет етерлік азамат етіп тәрбиелеп өсірді. Бүгінгі күні олар әке үлгісін жоғары ұстап, азаматтық қызметтерін атқаруда. Оның жары – Таукебаева Райхан жоғары оқу орнында ұстаздық қызметін табысты жалғастыруда. Үлкен ұлы – Шыңғыс заң саласында қызмет атқарады. Сонымен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстарын да қатар алып келе жатқан жас маман. Қызы – Кәмила жолдасы Шыңғыс Ергөбекпен бірге халықаралық құқық мамандығы бойынша ғылыми жұмыстарын жалғастыруда. Олардан Мұхтар атты немере сүйіп отыр. Ұлдары ер жетіп, қыздары бойжеткенде белгілі ғалым, жазушы Құлбек Ергөбек, оның жұбайы Баянмен құда-құдағи болуы Алтаевтар әулетіне жаңа серпін, жылы леп алып келді. Бұл әрбір отбасы өмірінің мәні мен сәні емес пе?!

**ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР Ж.А. АЛТАЕВТЫҢ
ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР**

**ЛИТЕРАТУРА О ЖИЗНИ И НАУЧНЫХ ТРУДАХ
ДОКТОРА ФИЛОСОФСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА
Ж.А. АЛТАЕВА**

1. *Абдраимов Ә.Б. Қазақ философиясының тарихын зерттеу методологиясы туралы (философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаевтың 60 жасқа толуына орай).
2. Автор туралы аз-кем ... //Парасат. - Алматы, 2008. №3. - 11б.
3. Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2005. - 655-б.
4. *Қасабек А. Рухани тұтастық философиясы.
5. *Мырзалы С. Көрнекті ғалым, ұстаз, тұлға (философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтайдың 60 жылдығына орай).
6. *Мямешева Г Истоки мудрости Великой Степи: диалог с профессором Жакипбеком Алтаевым.
7. Оңтүстік Қазақстан шығармашыл зиялылары // Энциклопедия. - Шымкент, 2006. -50-б.
8. *Ысқақтегі Т. Досымның ғылыми және адами келбеті.

* * *

9. Арабская Республика Египет //Аль-Ахрам. - Каир, 2007.
10. Кто есть кто в Казахстанской науке: биобиблиограф. энциклопедия.- Алматы, 2006.- С.45.
11. Кто есть кто в Казахстанской науке: справочник. - Алматы, 1999. - С.20.
12. Редакция «Байтерека» поздравляет профессора Ж.Алтаева.... //Байтерек.- Алматы, 2008.- № 1 С.26.

**ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР Ж.А. АЛТАЕВ
ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ**

**ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ ТРУДОВ
ДОКТОРА ФИЛОСОФСКИХ НАУК,
ПРОФЕССОРА Ж.А. АЛТАЕВА**

Кітаптар мен оқулықтар

1982

1. Ленинская методология анализа противоречий в «тетрадах по империализму»: дис. ... канд. филос. наук.– Алма-Ата, 1982.- 150 с.

1994

2. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. Алматы: Ер-Дәулет, 1994. - 172 б. /А. Қасабековпен бірге.

1995

3. Қазақ даласының ойшылдары IX-XII ғғ.: әл-Фараби философиясы. 2-тарау. - Алматы: Ғылым, 1995.- 180 б. /М.Орынбековпен бірге.

1996

4. Қазақ философиясы. - Алматы: Ер-Дәулет, 1996.- 184 б. /А.Қасабековпен бірге.

1997

5. Қазақ философиясының қалыптасуы: филос. ғылым. д-ры ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. автореф. Алматы, 1997.- 50 б.
6. Қазақ философиясының қалыптасуы: филос. ғылым. д-ры ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис.- Алматы, 1997.- 301 б.
7. Развитие философской мысли в казахской степи. Алматы, 1997.- 260 с.- Деп. в КазгосИНТИ 15.04.97. № 7598 Ка 97.

8. Развитие философской мысли в казахской степи = Қазақ даласындағы философиялық ойдың дамуы. Алматы, 1997. 216 с.

1998

9. Қазақ халқының рухани мұралары: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1998. 67 б.
10. Философия және мәдениеттану: оқулық. - Алматы: Жеті-жарғы, 1998. 302 б. / Т. Ғабитов, А. Қасабекпен бірге.

1999

11. Философия тарихы: оқулық. - Алматы: Жеті-жарғы, 1999. - 288 б. / А. Қасабек, Қ. Мұхаметәлимен бірге.

2001

12. Философия және мәдениеттану: оқулық. 2-ші басылым. Алматы: Литера, 2001. 294 б. / Т.Ғабитов, А.Қасабек, Қ.Мұхаметәлилермен бірге.
13. Основы философии: учеб. для вузов.- Алматы: Раритет. 2001.- 391 с.

2004

14. Философия: оқулық. - Алматы: Раритет, 2004. - 391 б.
15. Философия және мәдениеттану: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2004. 294 б. /Т.Ғабитов, А.Қасабек, Қ.Мұхаметәлилермен бірге.

2005

16. Ғылым тарихы мен философиясы пәні бойынша кандидаттық емтихан алуға арналған бағдарлама (салааралық). Алматы: Қазақ университеті, 2005.- 138 б. / Ғ Есім, Б.Ғ Нұржанов, М.С. Орынбеков, Н.Ж. Байтенова, Е.Е. Булова, М.З. Изатов, А.К. Қасабек, К.Х. Рахматуллин, М. Сабиттермен бірге.
17. Программа кандидатского экзамена по истории и философии науки (по отраслям). - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - С.138. / Соавт. Г Есим, Б.Г.Нуржанов, М.С. Орынбеков, Н.Ж. Байтенова, Е.Е. Булова, М.З. Изатов, А.К. Касабек, К.Х. Рахматуллин, М. Сабит.

2006

18. Философия тарихы: жоғары оқу орынд. студенттеріне арн. оқулық. 2-бас. Алматы: Раритет, 2006.- 400 б. / А. Қасабек, Қ. Мұхаметәлилермен бірге.
19. Философия: оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2006.- 290 б.
20. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2006.- 416 б. /Ғ.Есім, Т.Ғабитов, А.Байтеновалармен бірге.

2007

21. Философия: тесты на русском языке. - Алматы: Раритет, 2007.- С. 67.
22. Философия: тестер қазақ тілінде. - Алматы: Раритет, 2007 67 б.

2008

23. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық. - 2-ші басылым. - Алматы: Раритет, 2008.- 416 б. /Ғ. Есім, Т. Ғабитовпен бірге.

Ғылыми мақалалар және шығармалар

1975

24. В.И.Лениннің философиялық дәптерлері // Білім және еңбек. 1975.- № 1.- 10-бет.
25. *Разработка В.И. Лениным теории диалектики //Материалы респ. науч. конф. Алматы, 1975. С. 7

1984

26. В.И. Ленин о некоторых диалектических идеях общественного развития у Гегеля //К философским тетрадам В.И.Ленина: сб. статей респ. науч. конф. Алматы, 1984. - С. 24.

1986

- 27 *Проблема объективности познания в книге В.И. Ленина «Материализм и эмпириокритицизм» //Материалы науч. конф. - Алматы. 1986. - С. 7.

1992

28. Мың жылдық бастау // Ана тілі.- Алматы, 1992. 17 қазан.
29. Ежелгі мұра және дәстүр жалғастығы //Мұрагер. №2. 1992. – 55-б. /А.Х. Қасымжановпен бірге.
30. Ежелгі рухани таным және қазақ философиясы // Мұрагер.- 1992.- № 1.- 24-б. / А.Х.Қасымжановпен бірге.
31. Қазақ мәдениетінің рухани сабақтастығы //Восток-Запад: диалог культур: тез. докл. и выступлений на 1 междунар. симп.-семинаре, 22-26 июня 1992. - Алматы, 1992. - Ч.1: Философия. Экономика. Социология. Психология. 266 с.

1993

32. Қожа Ахмет Яссауи мұрасы //Вестн. КазГУ Сер. Философия. Алматы, 1993. 24-30 бб.
33. Фольклордың дүниетанымдық негіздері //Вестн. КазГУ Сер. философия.- Алматы, 1993. № 2. – 3-9 б.

1994

34. Әмбебап әл-Фараби //Ақиқат. - 1994.- № 12. – 7-б.
35. Әл-Фараби қазіргі қазақ халқының рухани мәдениетінің үндестігі //Аль-Фараби и духовное наследие: материалы междунар. симпозиума.- Алматы, 1994.- 150-б.

1995

36. Қорқыт философиясы //Ізденіс. - 1995.- № 3. – 27-б.
37 Қазақ философиясының қалыптасу мәселесі //Ізденіс.- 1995. - № 5. – 31-б.

1996

38. Всеобщее и особенное в духовной культуре //Фараби в диалоге времен: сб. - Алматы, 1996. - С. 97.

1997

39. Биліктің бишігі кімнің қолында? Әйел қоғам және отбасында. Зиялылар не дейді? //Zaman-Қазақстан. Алматы, 1997. - 5 желтоқсан. – 3-б.
40. М.Әуезовтің философиялық дүниетанымы //Абайтану оқулары, 1997 ж. - Шымкент, 1997 25-б.
41. Шәкәрім мұрасы және кәсіби философиясының қалыптасуы // Абайтану оқулары, 1997 ж. - Алматы, 1997 30-б.

1998

42. Мұхтар Әуезовтің өмір философиясы // Абай және Әуезов: Абайтану оқулары. - Алматы, 1998. - Шығ. 3. - 222-226 бб.
43. *Скифтік Анахарсис //Зерде. 1998. - № 1. – 17-б.

1999

44. Мұсылманшылық /Әңгім. Қ.Боқаев // Қазақ әдебиеті.- 2000. - 31наурыз. 1, 2-3 бб.
45. Ұлттық философия рухани тұғырымыз //О философской школе Казахстана. - Алматы, 1999.- 228-б.

2001

46. Біз мемлекеттілігімізді қалыптастырдық //Қазақ әдебиеті.- 2001. 14 желтоқсан. – 4-б.
47. Ежелгі түркілік рухани таным //Халықаралық ғылыми конф. материалдары. - Алматы, 2001. – 19-б.
48. Шәкәрімнің философиялық дүниетанымы //XXI ғасыр: ұлы дәстүр жолымен: А.Х.Қасымжановтың туғанына 70 жыл толуына арналған ғылыми халықаралық конф. материалдары, 19-20 қазан 2001 ж. Алматы, 2001. - 202-206 бб.

2002

49. Біз күрделі әлемге қадам басып келеміз //Қазақ әдебиеті.- 2002. 27 желтоқсан. – 3-б.

2003

50. А.Х. Қасымжанов //Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы.- Алматы, 2003. 5 т. - 664 б.
51. А.Х.Қасымжановтың өмірі мен шығармашылық қызметі. Адамның өзін-өзі рухани анықтауы және қоғам //Бірінші

Қасымжанов оқулары: халықаралық ғылыми конф. материалы. - Алматы, 2003. – 13-б.

52. К. Ясперс философиясы //Вестн. ЦАУ Сер. философ. – Алматы.- 2003. № 1. – 19-б.

53. Духовное самоопределение человека и общества //Вестн. КазНУ Сер. полит. Сер. философ. Сер. культурология.- Алматы, 2003. № 2(20). С. 209.

2005

54. *Қазақ фольклорының философиясы // Абай. Семей, 2005. № 3. – 92-б.

55. Костюм как объект культурологического анализа //Высшая школа Казахстана. - Алматы, 2005. - № 4. 218-220 б. /соавт. А. Жиенбекова.

56. Творчество аль-Фараби в историко-философской литературе // История философии: классика и современность: вторые Касымжановские чтения. - Алматы, 2005. – 5-б.

2006

57. Қазақ философиясының түп-тамыры діни философия /Әңгім. А. Күзембаева //Дала мен Қала. - 2006. - 13 қаңтар.- 10-б.

58. Қазақ фольклорының философиялық мәселелері //Абай.- Семей, 2006. - № 1- 92-95 бб.

59. А.Х.Қасымжанов көрнекті Фарабитанушы //Әл-Фараби мәдениет тарихында: халықаралық ғылыми конф. Материалдары. – Алматы, 2006. – 341-б.

60. Фараби мұрасын зерттеу арналары //А.Х.Қасымжанов оқулары: халықаралық ғылыми конф. материалдары. Алматы, 2006. – 98-б.

61. Философская концепция мироздания и человека в философии аль-Фараби //Вестн. КазНУ Сер. философ. – 2006. №.1. С.12-15.

2007

62. Елбасының Жолдауы төлтумалығымен ерекше //Қазақстанның ғылыми мен жоғары мектебі. - 2007 15 наурыз. – 3-б.

63. Қазақ дәстүрлі мерекелік мәдениетінің бастаулары //ҚазҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. - Алматы, 2007. - № 3. - 132-135 бб. /Л.Ж. Жұмабаймен бірге.
64. Халықтың жағдайын ойлаудан биік мақсат жоқ /Әңгім. Ж.Сейітнұр //Ақиқат. - 2007. № 12.- 4-9 бб.

2008

65. Батыстың Шығыстан рухы биік пе? Немесе ислам әлеміндегі ымырашылдық неге жоқ? // Парасат. - 2008. № 3. 11-13 бб.
66. ХХІ ғасырда өздігінен қалатын трайбализм /Сұхб. Ж.Әбсадық //Қазақ әдебиеті. - 2008. 11-17 сәуір. – 4-б.
67. Смотрясь в него, как в зеркало //Байтерек. Алматы, 2008. № 1.- С. 24-26.
68. *К проблеме «другого». – Алматы, 2008.
69. *Казахская Национальная идея // Материалы науч. конф. /Ин-т философии и политологии. – Алматы, 2008. С.112.

ПРОФЕССОР Ж.А.АЛТАЕВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҒЫМЕН ШЫҚҚАН ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ, ИЗДАНИЕ ПОД РЕДАКЦИЕЙ ПРОФЕССОРА Ж.А. АЛТАЕВА

70. Қазақ: жоғары оқу орынд. студенттеріне арн. оқулық. – Алматы: Білім, 2004. - 176 б. /Бас. ред. А.Х.Қасымжанов; ред. алқа: К.Н. Нарисбаевпен және т.б. бірге.
71. Философия: оқулық. - Алматы: Қаржы-Қаражат, 2002. - 350 б. /Құр. Т.Ғабитов; пікір. Ғ.Есім; ред. алқа: Н.Ж.Байтеновамен және т.б. бірге.
72. Философия: Учебник.- Алматы: Қаржы-Қаражат, 2002. 350 б. /Сост. Е.Ғабитов; рец. Г.Есим; ред. кол.: Н.Ж.Байтенова и др.

**Ж.А. АЛТАЕВТЫҢ
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ҚОРҒАЛҒАН
ДИССЕРТАЦИЯЛАР**

**ДИССЕРТАЦИИ, ЗАЩИЩЕННЫЕ ПОД НАУЧНЫМ
РУКОВОДСТВОМ Ж.А. АЛТАЕВА**

*Докторлық диссертациялар
Докторские диссертации*

1. Ахметжанова К. Дәстүрлі мәдениет қазақ этносының идентификациялық негіздері: филос. ғылым. доктор. ғылым. дәреж. алу үшін дайындалған дис. автореф. / К.Ахметжанова. – Алматы, 2006. - 36 б.

*Кандидаттық диссертациялар
Кандидатские диссертации*

2. Ахметжанова К. Қазақ халқы қолөнерінің мәдениеттанулық негіздері: филос. ғылым. канд. ғылым. дәреж. алу үшін дайындалған дис. автореф. / К. Ахметжанова. – Алматы, 2000.- 27 б.
3. Ашекеева Қ.Н. Ахмет Байтұрсыновтың философиялық көзқарастары: филос. ғылым. канд. ғылым. дәреж. алу үшін дайындалған дис. автореф. / Қ.Н. Ашекеева. Алматы, 2003. 25 б.
4. Жиенбекова А.А. Қазақ ұлттық киімі мәдени феномен ретінде: филос. ғылым. канд. ғылым. дәреж. алу үшін дайындалған дис. автореф. / А.А Жиенбекова. – Алматы, 2007.- 21б.
5. Жұманова Г М. Дулатовтың тарихи философиялық көзқарастары: филос. ғылым. канд. ғылым. дәреж. алу үшін дайындалған дис. автореф. / Г Жұманова. – Алматы, 2004. 27 б.
6. Игисина Н.Б. Ы.Алтынсарин шығармашылығының қазақ ұлттық мәдениетінің қалыптасуына әсері: филос. ғылым. канд. ғылым. дәреж. алу үшін дайындалған дис. автореф. / Н.Б.Игисина. Алматы, 2006.- 25 б.
7. Көлбаева Д.Д. Абай «қара сөздері» мен қазақ рухани мәдениеті арасындағы сабақтастық мәселесі: филос. ғылым. канд. ғылым.

- дәреж. алу үшін дайындалған дис. автореф. / Д.Д. Көлбаева. – Алматы, 2000- 28 б.
8. Кутухуджаев И.Д. Мағжан Жұмабаевтың мәдениеттанушылық көзқарастары: филос. ғылым. канд. ғылым. дәреж. алу үшін дайындалған дис. автореф. / И.Д. Кутухуджаев. – Алматы, 2000. - 30 б.
 9. Мейір Ж. Қазақ халық күй мұрасының мәдениеттанулық негіздері: филос. ғылым. канд. ғылым. дәреж. алу үшін дайындалған дис. автореф. / Ж. Мейір. – Алматы, 2007. – 27 б.
 10. Төрекұлов О. Жүсіп Баласағұнның саяси-әлеуметтік философиясы: филос. ғылым. канд. ғылым. дәреж. алу үшін дайындалған дис. автореф. / О. Төрекұлов. – Алматы, 2001. - 28 б.

* * *

11. Альмухаметов А.Р Социально-политическая концепция современного ислама: религиоведческий анализ: автореф. дис. ... канд. философ. наук / А.Р Альмухаметов.- Алматы, 2007.- 24 с.
12. Босынов С.К. Социально-философский анализ духовных ценностей: автореф. дис. ... канд. философ. наук / С.К. Босынов. Алматы, 2007 – 24 с.
13. Искаков А.Т. Социально-философские аспекты компьютеризации и гуманитаризации образования: автореф. дис. ... канд. философ. наук / А.Т. Искаков.- Алматы, 1999.- 26 с.
14. Масалимова А.Р. Проблемы идентификации традиционной культуры казахского народа: автореф. дис. ... канд. философ. наук / А.Р. Масалимова. - Алматы, 1998.- 31с.
15. Толендиев А. Социально-философский анализ феномена образования: автореф. дис. ... канд. философ. наук /А.Толендиев.- Алматы, 2002. - 29 с.

**ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ
ДАЯРЛАУ ҮСТІНДЕГІ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ:**

**СОИСКАТЕЛИ
НА ДОКТОРСКИЕ ДИССЕРТАЦИИ:**

1. Альмухамедов А.Р. Социальная доктрина ислама. - Алматы (09.00.13-философия культуры и философия антропологии).
2. Атымтаева К.М. Стратегия истории философии в условиях социальной модернизации. Алматы (09.00.11 социальная философия).
3. Едильбаева С.Ж. Взаимосвязь философской антропологии с философией образования. Алматы (09.00.11 - социальная философия).
4. Ержанова А.М. Массовые коммуникации и их влияние на глобальные трансформации культуры. - Алматы (09.00.11 социальная философия).
5. Искаков Т.К. Взаимосвязь политики и религии в условиях переходного общества. - Алматы (09.00.11 - социальная философия).
6. Мямешева Г.Х. Наука как форма реализации антропного принципа. - Алматы (09.00.11 - социальная философия).
7. Сүлейменов П.М. Эволюция религиозного сознания в Казахстане (социально-философский аспект). Алматы (09.00.11 социальная философия).

**КАНДИДАТТЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ
ДАЯРЛАУ ҮСТІНДЕГІ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ:**

**СОИСКАТЕЛИ
НА КАНДИДАТСКИЕ ДИССЕРТАЦИИ:**

1. Абдраимов А.Б. А.Х. Қасымжанов шығармашылығының қазақ философиясындағы орны. – Алматы (09.00.03 философия тарихы).
2. Аликбаева М.Б. Әл-Фарабидің музыка туралы іліміне философиялық талдау. - Алматы (09.00.03 философия тарихы).

3. Амиркулова Ж.А. Қазақ фольклорындағы философиялық мәселелердің көріністері. - Алматы (09.00.03 - философия тарихы).
4. Апенев Б.М. Құқықтық сананы реттеу формалары және оның Қазақстан қоғамындағы көрінісі. – Алматы (09.00.11 әлеуметтік философия).
5. Дюсембекова Ү.Д. Баласағұн дүниетанымындағы тұлғаны қалыптастыру мәселесі. Алматы (09.00.03 философия тарихы).
6. Жазыкбаев Д.М. Қазақ қоғамдық ой-пікірлеріндегі философиялық антропология мәселелері (XX ғ. басы). - Алматы (09.00.03 философия тарихы).
7. Жумабай Л.Ж. Қазақ халқының ойындық мәдениетінің тарихи-әлеуметтік мәні. - Алматы (24.00.01 мәдениет тарихы мен теориясы).
8. Исаева М.У. Қазақ философиясындағы кеңістік пен уақыт мәселесі. - Алматы (09.00.01 онтология және таным теориясы).
9. Кантарбаева Ж. Қазақ философиясындағы еркіндік феномені. Алматы (09.00.03 - философия тарихы).
10. Омирбекова А.О. А.Х.Қасымжановтың философиялық шығармашылығындағы ұлттық өзіндік сана мәселесі. Алматы (09.00.03 философия тарихы).
11. Оразалиев Б.А. Музыканың ұлттық менталитеттің қалыптасуына әсері. - Алматы (24.00.01 - мәдениет тарихы мен теориясы).
12. Даир Р.Ж. Қазақ философиясындағы кемел адам ілімі. - Алматы, (09.00.03 - философия тарихы).
13. Спанов М.Ж. Әл-Фарабидің мемлекет туралы ілімі. - Алматы (09.00.03 - философия тарихы).

* * *

14. Абхари А.Ш. Понятие милости, прошения в Исламе. - Алматы (09.00.13 религиоведение, философская антропология, философия культуры).
15. Базарбекова С.А. Социально-философские мировоззрения Ч.Валиханова. - Алматы (09.00.11 - социальная философия).
16. Жорабаев К. Философская концепция современного образования. - Алматы (09.00.11 - социальная философия).

17. Куранбек А.А. Традиции и инновации в казахской философии (II пол. XIX-нач XX века).- Алматы (09.00.11 - социальная философия).
18. Лифанова Т.Ю. Теоретико-методологические основания социальной философии. Алматы (09.00.11 - социальная философия).
19. Мацюк Д. Философия ненасилия как социальная ценность. Алматы (09.00.11 социальная философия).
20. Рамазанова А.Х. Миф в системе социальных отношений. Алматы (09.00.11 - социальная философия).
21. Сартбасова А.Б. Модернизационные процессы в Казахстане: социально-философский анализ. Алматы (09.00.11 социальная философия).
22. Такибаев М.А. Проблема справедливости в философском наследии аль-Фараби. Алматы (09.00.11 социальная философия).
23. Тулеубеков А.С. Общество и система идей, абстрагированных от непосредственного бытия. Алматы (09.00.11 - социальная философия).

ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР Ж.А.АЛТАЕВ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР

СТАТЬИ, ПОСВЯЩЕННЫЕ ДОКТОРУ ФИЛОСОФСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРУ Ж.А.АЛТАЕВУ

Аманжол Қасабек,
философия ғылымдарының
докторы, профессор

Рухани тұтастық философиясы

Профессор Жақыпбек Алтаев қазақ философиясының қалыптасу үрдістері туралы еңбектерімен танымал. Философия тарихы және рухани тұтастық философиясы мәселелеріне арналған зерттеулері ғылымға қосылған сүбелі нәтиже. Ол профессор А.Қасымжановтың ізбасары ретінде философия тарихының әлеуметтік-шарттылық маңызын аша отырып, оны түсінуді жеңілдетуден сақтандырады. Кейбір кезеңдерде қоғамдық ойдың дамуы әлеуметтік шарттарға, қоғамдық топтардың іс-әрекеттеріне тәуелділікті мойындау бұрын болған, кейде қазіргі уақытта да идеялардың философиясы ретінде қарастырады. Мұндай концепцияларда философиялық ілімдердің мазмұнын ғана емес, жеке философиялық категорияларды да тікелей әлеуметтік топтардың немесе тұлғаның экономикалық мүдделерінен шығаруға тырысады.

Белгілі кезеңдегі субъектінің өзінің әрекеті мен философиялық көзқарастың арасындағы байланысты ашу үшін тарихи дәуірдің жалпы және жеке ерекшеліктеріне, материалдық өмір жағдайларына рухани процестердің әсерін, сонымен қатар қоғамдық ойлардың әр түрлі бағыттарының өзара әсеріне жан-жақты және күрделі талқылау қажет.

Бұл жердегі басты әдіснамалық қағида философияның әлеуметтік қамтамасыз етілуі тарихи даму көзқарасымен және оның өзара әсер аясында қарастырылуы тиіс. Бұл жағдайда, философиялық білім жүйесінің өзі, оның түсіндіру аппаратының тиімділігі, қолданылатын логикалық және әдіснамалық

күралдардың адекваттылығы, оның нақты мазмұнында танымдық процестердің дамуының нақты жағдайларының әлеуметтік-тарихи жемісі ретінде көрсете алады.

Философия өзі де қоғамдық ғылымдармен қатар саясаттың ғылыми негізін, оның ішкі бағыттылығын білдіреді, алайда саясатты да, саяси теорияны да құрамайды. Нақты тұжырымдарға сүйенсек, саясат философиялық концепцияның, философиялық көзқарастың оны қоғамға және адамға таратудың арнайы әлеуметтік формасы болып табылады. Саясаттың философияға немесе философияның саясатқа тікелей тәуелділігін іздеу жөн болмайды. Саясаттың өзі белгілі бір философияның жүзеге асуы, философия нақты саясаттың іштей идеялық ой-толғамдық негіздерін жинақтайды. Қоғамдық қозғалыстардың саяси бағыты философиялық негіздермен байланысты. А.Х.Қасымжанов философия мен саясаттың мәні осында деп атап өтеді. Осыдан өзінен-өзі мынадай қорытынды шығады: неғұрлым философиялық концепциялар терең, әрі көбірек әлеуметтік шынайылыққа сүйенетін болса, оның саяси мазмұны, бағыты айқынырақ көрінеді. Бұл жерде философияны өзінің әлеуметтік бағытын, қайсыбір әлеуметтік топтың немесе субъектінің дүниетанымын, идеологиясын енжар алып пайдаланушы ретінде бейнелеуге болмайтындығы туралы айтылып отыр. Философияның саяси мазмұнын тікелей қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық шарттарынан «шығару» әрекеті және қайсыбір философиялық концепцияларды әр түрлі тарихи кезеңдерде философияның дамуымен «түсіндіру» философиясының өзі мен оның тарихын жалаң социологизм мен тұрпайылыққа алып келеді.

Әлеуметтік-саяси субстрат және философия арасындағы байланыс бірнеше рет жанама түрде болады. Қоғамның өмірі және дамуы тұтастық күрделі байланыстарына талдау жасау шынайы негіздерден субъектінің іс-әрекетін құруға, қазіргі замандағы қоғамдық өмірде жаңа тенденцияларды шығаруға, Қазақстанның демократиялық мемлекет ретіндегі даму стратегиясын анықтауға мүмкіндік жасайды.

Дәл осындай әрекет әлеуметтік нысанаға алған нарықтық қоғам құрудың жаңа бағыттарын талдауға қолданылып, оның әрі қарай дамуының негізгі өлшемдерін анықтайды. Бұл үшін философия жаңа сұрақтарды, жаңа жағдайларды ізденуде құрал,

қару ретінде пайдаланылады, мұның нәтижесінде оның өзі дамуды, нақтылауды, айқындауды бастан кешіреді.

Қазіргі заманғы философияда шынайылық субъектілердің тәжірибесі мен білімі тұрғысынан бейнеленеді деп көрсетіледі. Бұл қағида объект пен оның субъект саласындағы бейнесінің арасында қатаң байланыс болады деген аңғал материалистік түсінікке қарсы бағытталған. Шындығына келгенде, қоғам және оның жеке таптары және өкілдері объект дамуының логикасымен байланыста емес, оның асқақтатылған бағасымен әрекет етеді. Алайда әлеуметтік құбылыстардың танымы, нақты көзқарастар бойынша, үнемі объективті емес дегенді білдірмейді. Философиялық танымның анықтаушы факторы өзімен-өзі құндылықтың ыңғайы емес, практикалық іс-әрекет болып табылады. Осыдан шығатын қорытынды: бағалаудың өзінің, ең алдымен, кез келген оқиғалық деректің немесе өзге рационалды түсіну мүмкіндігі туындайды.

Мәселен, қазақтың философиялық ойының мәнін түсіну үшін оны нақты тарихи шындық ретінде қарастыру қажет. Ресейге қосылу, оның мәдениетімен кең танысу және сол арқылы еуропалық өркениеттен сусындау – Ресейге бодан кезеңнің нәтижесі болып табылғанымен, қазақ философиясы дүниежүзілік ойдан оқшауланбай, керісінше, онымен ортақтастықта – ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы жалпы ресейлік қозғалыстың ықпалы тиген дербес құбылыс ретінде дамыды. Сондықтан қазақ философиясын зерттеуде жалпы ағартушылық құбылысқа тән белгілермен қатар оны тудырған мәдени-әлеуметтік орта ерекшелігіне де баса назар аудару қажет.

Осы философиясының басты ерекшелігі оның азаттыққа, бостандық пен теңдікке ұмтылыс ниетіндегі Кеңес өкіметіне дейін және сол өкімет тұсында өз мәнін жоймаған негізгі идеялық бағыт ретінде сақталуында. Патша өкіметі мен сталиндік репрессия зардабын басынан өткізіп, әділет пен шындық жолына халқының мұң-мұқтажын жоқтаған қазақ зиялыларының халықты оянуға, білімге, оқу-ағартуға үндеген еңбектері халық бостандығы мен теңдігі жолындағы күреспен тығыз байланысты болды.

Ал қазақ зиялылары күрделі, қайшылыққа толы эволюциялық даму сатысынан өтті. Ол даму реакциялық идеялық бағыттармен күреске толы болды. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр бас кезеңінің өн бойында бұл демократтар исламның идеологиясымен және әр түрлі діни-мистикалық бағыттармен арпалысты.

Қоғамдық-саяси өмірдің маңызды бағыттары мен ілімдері де жеткілікті болатын. Оларға ХІХ ғасырдың орта тұсында пайда болған дәстүрлі-шаманизм бағытын, ХІХ ғасырдың аяғындағы діни-реформаторлық жадидизмді, Ресейдің мұсылман халықтар арасындағы панисламизм мен пантюркизм ілімдерін жатқызуға болады. Қарастырылып отырған рухани құбылыстың рөлі мен мәні реалды идеялық күрес аясында көрінетіндіктен, орныққан реакциялық бағыттар мен ілімдер табиғатын жете ұғыну қажет.

Қазақстандағы ағартушылық ойдың қалыптасуында ХІХ ғасырдың 40-60 жылдарындағы орыс ағартушыларының, әсіресе, революциялық демократизмнің ықпалы қатты әсер етті. Орыс революционер-демократтарының идеялары Қазақстан ағартушы-демократтарының жанына жақын келеді. Бірақ оларды практикалық іс-әрекетке жетекші етіп, идеялық бағдарға ала отырса да, нақты тарихи жағдайда халық бұқарасының екі жақты-әлеуметтік және ұлттық қанаушылық пен жалпы аймақтық артта қалушылық себептеріне байланысты Қазақстан ойшыл-демократтары тұтас алғанда типтік ағартушылық позицияны ұстады. Яғни, белгілі қоғамдық топқа, дәлірек, шаруаларға бағыттталып, қоғамдық прогресті оны басым топтың мүддесі үшін күреспен байланыстырған революцияшыл-демократтарға қарағанда Қазақстан демократтары ХVІІІ ғасырдағы Еуропа демократтары секілді ешбір тап пен сословиені бөле-жармай, жалпы ұлттың атынан сөйледі. Бұл, бір жағынан, белгілі бір кезеңде белгілі бір аймақтың қоғамдық қатынастарының пісіп-жетілгенін аңғартса, екіншіден, осындай ерекше жағдайда (жалпы артта қалушылық, жаппай сауатсыздық, отаршылдық қанау) жалпы халықтық прогресс идеясы өте актуальды болғанын және оның маңызды қоғамдық қажеттілікті бейнелегенін көрсетеді.

Қазақстан ойшыл-демократтары ағартушылық позицияда қалғанмен, аңсаған қоғамды төңкеріс жолымен орнату әдістерін де қарастырған. Әйтсе де барлығы еркін, азат қоғам құрудың бейбіт жолын таңдады: жоғарғылардың реформасы көмегімен немесе «әділ», «таза» білім мен басқару және ағарту, ғылым-білім арқылы өз халқының көзін ашып, көңілін оятып, өздерін-өздеріне танытып, ескіліктен, езгіден арылтпақ болды. Бұдан тарихи құрылымы мен қоғамдық күштердің жіктелуі әлдеқайда өзгеше орыс демократтары секілді төңкеріс жолын қуаттап, оған бірден-бір шешуші әдіс, айқын жол деп шақырмаумен кемшілікке жатқызу орынсыз болар

еді. Керісінше, рух пен тән арасындағы, жалпы Аспан астындағы үйлесімділікті іздеп, ол жолда бойды сезімге емес, ақылға жеңдіртіп, мәселенің шеті мен шегіне ауытқымай асыл ортасын ұстануды үйрететін дана Шығыс философиясы көрінісін аңғарғандаймыз.

Мысалы, «тоқырау», «құнарсыздық», «артта қалушылық», «дәстүршілдік» ұғымдары жалпы Шығыс мәдениетінің мәңгі-бақи арылмайтын атрибуттары деген сияқты абстрактілі және табиғатынан ғылымға, тарихи объективтілікке сай келмейтін тұжырымдама, бірыңғай, іштей біркелкі Шығыс феноменінен түбегейлі айырмашылығы бар Батыс феноменін мойындау, екіншіден, «тоқырау», «артта қалу» құбылыстарын метафизикалық абсолюттендіру оларды тек Шығысқа имманентті деген түсінікке негізделген. Дұрысында, қай халықтың болмасын мәдениеті дамуының кейбір кезеңіндегі тоқырау, құлдырау құбылыстары адамзат дамуы тарихи жалпы белгілі кезеңі ретінде қарастырылуы тиіс. Өйткені ол өзгеріс бола қалғанда өз қарама-қарсылығы өрлеу, өркендеу, дамуға көшетін нақты тарихи жағдайлардың нәтижесі. Қазақ халқының тарихи өткеніне келетін болсақ, шетелдік және отандас шығыста-нушы ғалымдардың зерттеулері Таяу және Орта Азия аймағының ежелгі заманнан (біздің заманымызға дейінгі II мың жылдықтан бастап) XII ғасырға дейін барлық критерийлер бойынша жалпы Шығыс пен Батыс мәдениетінен әлдеқайда озық және жоғары тұрғанын көрсетеді. XIII ғасырдағы Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін даму қарқыны бәсеңдеп, XVI ғасырдан толық артта қалу үдерісі белең алды. Жалпы алғанда, бүкіл Таяу және Орта Азия ежелгі заман мен орта ғасырдың өн бойында көрсетілген дәуірлерде Шығыс пен Батыс арасындағы экономикалық, саяси, мәдени байланыстардың – бүкіләлемдік мәдени тарихи үдерістің орталық белдеуіне айналды. Яғни, қарастырылып отырған аймақ әлемдік өркениеттің шалғай ауданы емес, керісінше, XV ғасырға дейін Шығыс пен Батыстың ирандық, үнділік, сириялық, византиялық, грек-эллинистік мәдени дәстүрлерімен тығыз байланыста дамығанын көреміз.

Демек, Қазақстан мәдениетінің тоқырауы жөнінде сөз қылғанда, бұл ұғым сол аймақ мәдениеті дамуының өн бойына емес, тек белгілі кезеңіне – XV ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі аралыққа қатысты алынатынын жадымызда тұтуымыз қажет. Ресейге қосылу бұл аймақ халықтарына

әлеуметтік-экономикалық саладағы түпкі зардаптарын қозғамаса да, жалпы артта қалушылықты жою, қоғамдық прогреске жету мүмкіндігін әперді деп айта аламыз.

Қазақстан демократтарына қоғамдық прогресс жолындағы күресті француз немесе орыс ағартушылар сияқты феодализмнің немесе крепостнойлық тәртіптің ыдырауы жағдайында емес, үзілмей жалғасып келе жатқан патриархалды-феодалдық қатынас үстемдігі кезеңінде жүргізуге тура келді. Осыған байланысты олардың өз көзқарастарында қоғамдық прогресс идеялары ұлтаралық ынтымақ, достық, адамзат мәдениетінің жетістіктері мен игі әсері жайлы ойлармен астасып жатады.

Негізінен профессор Ж.Алтаевтың әдістемелік қағидалары бірнеше пайымдаудан тұратынын аңғарамыз. Біріншіден, қандай да болмасын сыртқы идея ұлттық рухқа, ұлттық ортаға бейімделсе ғана қабылданады. Ұлттық философия дінге, исламға қатынасын анықтауға бейім болды. Екіншіден, аумақтық және саяси жағдайлар философиялық мәселелерді Шығыс пен Батысты бірдей байланысты қарастыруға мәжбүр етті. Бірақ Батыс пен Шығыс философиялары тек жалаң «таза» түрде мойындалмайды. Қазақ ойшылдарын осы мектептердің ізбасарлары деп атауға да болмайды. Ұлттық зиялылары өздеріне тән жүйелер жасауға күш салды. Үшіншіден, қазақ философиясына схоластика жат еді. Әрбір философиялық тұжырымдама әлеуметтік-мәдени және саяси-құқықтық жағдайлармен ұштасты. Өнер, көркем шығармашылық, әдеби сын философиялық ойлардың өрнегіне айналды. Кәсіби философтар тек XX ғасырда пайда болды. Сондай-ақ жыл сайын факультетте өзінің қазіргі ұстазы профессор А.Х.Қасымжановқа арналған Қасымжанов оқуларын өткізіп отырады. Міне, биыл да 2008 жылдың қазан айының 18 жұлдызында Ж.Алтаевтың ұйымдастыруымен философия және саясаттану факультетінде Ағын Қасымжановтың шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми конференция өткелі отыр.

Жақыпбек Алтаев жоғары мәдениетті, парасатты, зиялы, өзінің айналасындағы адамдарға қамқоршы, жан-жақты білімнің иесі, ізгі жан, қарапайым адам. Сондықтан ол өз әріптестері мен шәкірттерінің арасында шынайы бедел мен құрметке ие, көрнекті ғалым-ұстаз болып отыр.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің ұжымы



Ғылым тарихы мен философиясы бойынша алғашқы тыңдаушылар (Алматы, 2004 жыл)



Наурыз мейрамы. Философия және саясаттану факультеті ұжымы (Алматы, 2005 жыл)



Философия және саясаттану факультетінің деканы, академик **Ғарифолла Есім** және профессор **Жақыпбек Алтаев** (Алматы, 2005 жыл)



Профессор Жақыпбек Алгаев әріптестерімен (Алматы, 2005 жыл)



Ұлы Отан соғысы жеңісінің 60 жылдығы. Соғыс ардагерлерімен кездесу (Алматы, 2005 жыл)



**Солдан оңға қарай: профессор Алтаев Ж.А., соғыс ардагері
профессор Рахматуллин Қ.Х., профессор Орынбеков М.С.,
доцент Сүлейменов П.М. (Алматы, 2005 жыл)**



**Солдан оңға қарай: проф. Марат Надиров, проф. Тұрсын Ғабитов,
проф. Жақыпбек Алтаев, доц. Нұртас Асқаров,
проф. Сағадиди Бүлекбаев, проф. Баймырза Қожамбердиев
(Алматы, 2 ақпан 2005 жыл)**



Консерватория оқытушыларымен кездесу (Алматы, 2006 жыл)



Дәрігер-кардиолог **Қалан Мәдиұлымен**
(Стамбул, 2006 жыл)



Доктор Салехтің үйінде (Сауд Арабиясы Корольдігі, Джидда қаласы, 2006 жыл)



Сауд Арабиясы Корольдігі, 2006 жыл. Қазақстаннан барған өкілдер



**Ислам «Нұр-Мубарак» университетінің ректоры,
доктор Хиджазмен сұхбат үстінде (Алмағы, 2008 жыл)**



Ислам Нұр-Мубарак университеті (Алматы, 2008 жыл)



Солдан оңға қарай: бажасы проф. Мырзагелді Сарыпбеков,
досы Сырлыбай Ордабеков, проф. Ж.А. Алтаев, досы Тынымбай Иссаков,
інісі Жанай Қалдияров (Алматы, 2007 жыл)



Профессор Жақыпбек Алгаев шәкірттерімен бірге (Алматы, 2008 жыл)



**Ұстазы ҚР ҰҒА корр. мүшесі, филос.ғ.д.,
профессор Ағын Хайруллаұлы Қасымжанов**



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және
элеуметтік таным методологиясы кафедрасының
меңгерушісі, филос.ғ.д.,
профессор Жақыпбек Алтаев (2008 жыл)**

Серік Мырзалы,
ф. ғ. д., профессор

КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, ТҮЛҒА

(философия ғылымдарының докторы, профессор
Жақыпбек Алтайдың 60 жылдығына орай)

«Көшпелілер тек қиратуға жаратылған тағылар», деген Батыс қоғамындағы кең тараған көзқарастың астарында Кеңес заманында талай жылдар бойы булығып өмір сүрген халқымыз тәуелсіздік таңын ашыла құлаш жайып қарсы алғанына да тарихи өлшеммен қарағанда көп уақыт болған жоқ. Бүгінгі таңдағы Қазақстан халқының алға өрлеуі, бүкіл әлемге өз жетістіктерін паш етуі – таңғажайып феномен. Елдегі неоренессанс үрдісі қазақ халқының мыңдаған жылдардағы қалыптасқан терең руханиятынсыз мүмкін болмас еді.

Ұлттық намысты жоғары ұстап, ел тәуелсіздігін көздерінен жасы шығып қарсы алған зиялылар тобының ішінде белгілі ғалым Жақып Алтай да болған еді. Осы кезден бастап күні бүгінге дейін ол үлкен ізденісте, қажымай-талмай жемісті қызмет істеуде. Ғалымды баурап алған негізгі идея – ұлттық философия тарихы, оның қайнар көздері, дүниежүзілік мәдениеттегі қазақ руханиятының ерекше орны, соған байланысты салыстырмалы зерттеулер. Ғалымның айтуына қарағанда, «философияның ұлттық генезисін түсіндірмей және сананың алғы философияға қатынасын зерттемей философия пәнінің мазмұнын оның рөлі мен мәнін қоғамдық сананың ерекше спецификалық формасы екенін анықтау айтарлықтай қиындыққа түсер еді» [Аманжол Қасабеков, Жақыпбек Алтаев. Қазақ философиясы. Алматы: Ер-Дәулет, 1996, 4-б.]. Әрине, мұндай терең пікірмен толығымен келісуге болады. Өз еңбектерінде ғалым қайсыбір еуроцентрлік көзқарастарға тойтарыс беріп, Шығыс өркениетінде «...рухани аспектісінің кең ауқымда болғандығы, соншама оның Шығыс қоғамындағы орны Батысқа қарағанда мүлдем өзгешілігі» [аталған шығарма, 4-б.] жөнінде ой қозғайды. Қай халық болмасын, оның қойнауында ғасырлар бойы жиналған рухани-адамгершілік құндылықтар – бүгінгі ұрпақтарды өткендермен байланыстыратын, өмір жолына бағыт-бағдарлама беретін, өз ерекше келбетін көрсететін асыл мұра.

2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ елінде болған оқиға бүкіл адамзатты дүр сілкіндіріп, бүгінгі адамзат тарихына, оның болашағына деген сан алуан тебіреністер туғызды. Осы орайда тек бір нәрсеге көңіл аударғымыз келеді. Ол қазіргі дамыған елдердің алып материалдық денесінің, күрделі түрде ұйымдасқан неше түрлі байланыс жүйесінің бір ғана сәтте быт-шыты шығып жоққа кету мүмкіндігінің болуын көрсеткен жоқ па? Осы орайда Ж.Алтайдың көзқарастары аса көрнекті ойшыл А.Швейцердің адамзат дамуының негізгі критерийі – алып қалалар, ондағы көкпен таласқан ғимараттар мен әсем машиналар емес, ол – қайсыбір халықтың рухани-адамгершілік даму жолындағы жетістіктері деген ойына үндесті келеді.

Сондықтан Ж.Алтай өз еңбектерінде қазақ философиясының идеялық бастау бұлақтарын зерттеуге алғашқылардың бірі болып көп көңіл аударған тұлға. Әсіресе, қалам иесі фольклордағы қазақ мифологиясына философиялық тұрғыдан талдау жасап, оның ішінен бабаларымыздың дүние сезімі мен түсініктерін, қиялдары мен армандарын ашып оларды болашақ философиясының бастауы ретінде қарайды (аталған шығарма, 8-10, 18-20 бб.). Уақытында ХХ ғ орыс көрнекті ойшылы А.Ф.Лосев, қай халық мифологияға, аңыз-дастандарға бай болса, онда оның мәдениеті де соншалықты бай, деген ой айтқан болатын. Бұл жағынан алғанда қазақ халқы өз ғажап терең мәдениетімен бүгінгі таңда танылуда. Болашақта қазақ аңыздары мен дастандарына негізделген талай-талай симфониялар, опералар, драмалар мен басқа да өнер туындылары жазылатынына біз еш күмән келтірмейміз. Тек жалаң батысқа, оның өмір салты мен тәндік-сезімдік жолына түсіп кету қаупінен арылсақ болғаны.

Қазақ философиясының бастауларына тоқтала келе проф. Ж.Алтай оның ерекшеліктеріне кеңінен тоқталады. «Олар – арнайы реализм, еркін ойлау, деистік және пантеистік көзқарастар, адамгершілік, ізгілік, имандылық, зорлық-зомбылыққа қарсы күресу, құқықтық саяси және философиялық жақтары, мемлекет, қоғам, жеке адам мәні тағы басқалар еді», - деген пікір айтады.

Бұл айтылған ерекшеліктерді құптап, біз өз тарапымыздан қазақ руханиятының ерекшеліктеріне еркіндік пен теңдікті, әлеуметтік әділеттілікті бабаларымыздың тең ұстағанын айтқымыз келеді. «Қара қылды қақ жарып», парасатты жолмен ел басқарып, өз батырлары мен кемеңгерлерін сыйлаған билер, ер жігіттің «сегіз қырлы, бір сырлылығын» дәріптеген халқымыз Жаңа дәуірде

тағдыр талтегіне түсіп, Кеңес заманында өз еркіндігінен айырылған болатын. Енді, міне, тәуелсіздік туы халқымызға еркіндік әкеліп, соның негізінде жаңа топталу дүниеге келіп, көп жағдайда теңдік қағидасы қағазға жазылған жалаң қағидаға айналғанын ащы шындық болса да мойындауымыз қажет. Әрине, Кеңес заманындағы тұрпайы әлеуметтік әділеттілік жеке тұлғаның белсенділігін отқа күйған судай сөндіргенін тағы да білеміз. Өндіргіш күштердің дамуына кедергі туып ақырында сол қоғам құрдымға кеткен жоқ па? Сонымен қатар еркіндік идеясы шынайы теңдікпен ұштаспай тағы да сәтсіздікке әкелуі мүмкін. Еркіндік – адамның тектік қасиеті, тек ол бар жерде ғана шығармашылық еңбек, белсенділік бар. Сонымен қатар адамның бұл дүниеге «жалаңаш келіп, соңынан кететіні» тағы дар бар, ол теңдікті сүйеді. Теңдік идеясы адамның абырой-намысын жоғарыға көтеретін, оның «мал еместігін» көрсететін ұлы қағида. Тек осы екі идея бір-бірімен үндесті түрде байланысқан кезде ғана әлеуметтік әділеттілік болуы мүмкін. Ал мұның өзі саясатта аса ұқыптылықты, парасатты шешімдердің дүниеге келуін, моральдық-адамгершілік қағидаларды биік ұстауды талап етеді. Соңғы жылдары елімізде бұл мәселелерге көп көңіл бөлінуде. Президенттің 2008 жылғы Жолдауын ұқыпты оқыған адам үкіметтің негізгі назарын әлеуметтік мәселелер алып отырғанын, бұл салада үлкен өзгерістер болатынын байқайды.

Ж.Алтай алғашқылардың бірі болып жүйелі түрде қазақ ойшылдарының еңбектеріне терең де жан-жақты талдау жасап оқырманды сусындатқан ғалымдардың қатарына жатады. Әсіресе, өз еңбектерінде әл-Фарабидің шығармаларына ерекше көңіл бөліп, оның дүниежүзілік философиядағы ерекше орнын, әмбебаптылығын жете де, оқырманға түсінікті түрде, оның жан-дүниесіне із қалдыратындай әсермен берген. Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Жүйнеки, Сүлеймен Бақырғани сынды ойшылдардың гуманистік-адамгершілік толғаулары, олардың бүгінгі таңдағы өзектілігін жете көрсете білді. Соңынан жас толқын ағалары көрсеткен ізбен ізденісте болып, біршама тың еңбектер, мазмұнды диссертациялар жазылды.

Бүгінгі таңның ерекшелігі – адамзаттың біртұтас ретінде өркениеттік жолға түсу талпынысының (жаһандану үрдісі) рухани адамгершілік дағдарыс астарында болып жатқаны. Уақытында А.Шопенгауер айтып кеткендей, адамзат өткен трагикалық

қателіктерінен еш тәлім-тәрбие алмай, соларды тағысынтағы қайталай беретіндігі. Соңғы өткен дүниежүзілік соғыста миллиондаған адамдар оның құрбаны болып, мыңдаған қалалар жермен-жермен болса да, озбырлық саясат, алдап-арбау, екіжүзділік, өз пайдасына шешіп екі түрлі стандарттарды қолдану, т.б. осы кезге дейін тоқталар емес. Жақында АҚШ президенті Дж.Буш: «Біз Иракта әділетті соғыс жүргізіп жатырмыз», - деп бөсіді. С.Хусейнді тақтан кетіру Ирак халқына 600 мың адамды құрбан етіп, миллиондаған адамдарды өз елінен басқа жаққа қоныс аударуына әкелді. Мұндай шегіне жеткен озбырлықтың астарында мұнайдың иісі байқалып тұрғанын әрбіреу біледі. Журналистер қауымы оған «Бірінші мұнай соғысы» деген жан түршігерлік ат та беріп қойды.

Саясаттағы күш көрсету, зорлық-зомбылықтан тыс еуроатлантикалық өркениеттің басқа әлемге тигізіп жатқан қауіпке толы әсері – тәндік-сезімдік ләззат алу өмір бағдарын басқа халықтарға таңып, олардың салт-дәстүрін, руханиятын «артта қалған» деп есептеу. «Ашық қоғам» жариялаған біздің қоғамға да батыс тұрпайы мәдениеті лек-легімен ағылуда. Оларды «пір тұту» дәрежесіне дейін көтеріп, Шығыста ештеңе де жоқ, тек артта қалушылық ғана бар, деп жүрген жаңа мәнгүрттерден де ада емеспіз.

Әрине, мұндай ахуал Ж.Алтайдың да назарынан тыс қалған жоқ. Өзінің бағдарламалық дәрежеде жазылған соңғы мақалаларының біреуінде ғалым осы мәселеге кеңінен тоқталады. Қазақ елінің «кешігіп жаңару» (модернизация) жолына түсуіне орай «халықтың өз бетінше даму қабілеттілігі тәуелсіздікпен бірге оянды. Ендігі жерде әлем Қазақстан мемлекетінің дамуын қазақ ұлтымен байланыстыра қарайды», деген оның салиқалы пікірімен толығынан келісуге болады [Алтай Ж. Батыстың Шығыстан рухы биік пе? /Парасат, № 3. - 2008, 11-б.].

Батыс ғалымы Б.Льюиспен пікірталасқа түсіп, «өздерін мұсылман әлемінің бір бөлігі санайтын қазақтар мақаладағы «астамшылдықтың кесірінен мұсылмандар мешеулеп қалған» жұрт емес, өз өркендеу дәуірі, өзіндік мәдениеті, бай тарихы бар халық болғаны күмәнсіз», деп қоймай, оны нақтылы деректер ұсыну арқылы дәлелдейді [аталған мақала, 11-б.]. Екінші айтылған жанды пікірге де тоқталсақ дейміз. Қалам иесі «халықтың рухани дүниесін бағалауға Еуропаның, яғни технократтық өлшеммен келу ешқашанда өлшемге жатпайды, біржақтылыққа апарады», деген ой тастайды (аталған мақала, 12-б.). Бүгінгі дүниежүзін шарпып

кеткен терроризм мен экстремизмнің терең себептерінің бірі осы жайтты көрсетпей ме?

Енді мұндай жағдайдан шығу үшін мәдениет сұхбаты керектігін қалам иесі баса айтады: «Мәдениеттің диалогы болмаса, әлем қатерлі жағдайдың босағасынан қадам аттар жерде тұратын болады. Болмашы себептен өрт басталуы мүмкін», - деп ескертеді [аталған мақала, 1-б.].

Ғалым өз еңбектерінде «рацио», есеп-қисапқа негізделген батыс руханиятына терең талдау жасап мынадай қорытындыға келеді. «Адамның «жаратылысты бағындыру» жолында ақыл-оймен жеткен табысына шамадан тыс елтіп кетуі астамшылдыққа апарады, ал ол адами азғындыққа жол ашады. Онымен ауырған сана өзін Құдаймен теңестіріп, іс-әрекетінде Алла шектеу қойған өз табиғатына жат нәрселерге ауыз сала бастайды.... Қоғамның техникалық дамуы шарықтау шегіне жету барысында ғылымның адамгершілік өзегі азып, рухани тірегі құлаған кезде – ғылыми ойдың тоқырауға ұшырау мүмкіншілігі арта береді» (аталған мақала, 13-б.). Бұл көлемді түрде келтірілген пікірдің әрбір сөзімен келісуге болады. Бүгінгі таңның өзінде бірте-бірте Шығыстағы Тынық мұхит өркениетіне тарихи белсенділіктің ауып бара жатқанын ұқыпты қараған адамға байқауға болады.

Ж.Алтайдың ұстаздық еңбегі де жеміске толы. Оның жетекшілігімен 15 талапкер кандидаттық диссертация қорғап, бір ғалым докторлық дәрежеге жетті. Ғалымның өз ұстамына сәйкес оның шәкірттері Отандық философия тарихы, Шығыс философиясындағы өзекті мәселелер, салыстырмалы зерттеулерді жүргізуде.

Соңғы жылдары ғалым Иран, Араб Эмираты, Түркия сияқты елдерге іс-сапармен барып, халықаралық конференцияларда өз ойларымен бөлісіп жүрген тұлға.

Ж.Алтайдың тұлғалық қасиеттері де үлгі аларлық. Оның әріптестері, студенттер, магистрлер мен аспиранттарымен қарым-қатынасы өз орнықтылығы, байыптылығы, қатаң талаптармен қатар мейірбандығымен көзге түседі.

Бүгінгі таңда көрнекті ғалым, ұстаз Ж.Алтай өз кемеліне келіп, асып-тасып, өз сәулесін бүкіл дүниеге шашып, сонда да сарқылмай жатқан күншуағына ұқсайды. Оның тұлғасынан шығатын Ізгілік, Ақиқат, Әсемдік флюидтері жағалай ортаға өз сәулесін шашып тұр. Осы орайда ғалымға «Жасай бер, шығармашылық ізденістерің таусылмасын, бар тілегің өмірде орындалсын!» демекпіз.

ДОСЫМНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ АДАМИ КЕЛБЕТІ

Жалпы көшпенділердің, олардың ішінде шеті-қиыры шектелмеген ұлан-байтақ жерде малы тебін тепкен, өзі сайран салған бағзы қазақтың таным-түсінігі, ой-толғанысы да ерекше шексіздік пен абстракциялық мәнге ие. Содан болар, ұлтымыздың бетке ұстар хаты өлмеген азаматтарының бәрі шетінен табиғи философтар. Бодандықпен келген шұбар тіл, кібіртек сөз, күйрек сана, жалтақ мінез қазақ табиғатына жат болмыс көріністері. Жиырмамыншы ғасыр басында ұлт зиялылары барлық күш қайратын жұмсаған қанға сіңе бастаған осы індетпен айқас ғасыр соңында жалғасты. Жалғастырушылар әр ғылым, білім саласында іштей тынып, амалсыз марксизм атты бір пұшпақтың терісін илеп келген, өттең замана өзгерсе ғой, санадағы мазасыз ой шырмауынан арылып тарих қойнауындағы алтын қазына сырларын айқара ашып, халық қажетіне жаратар едім, жас ұрпақтың санасына мен қазақпын деп мақтана айтуға сеп болатын сәуле түсірер едім деп жүректері аласұрған зиялы қауым өкілдері. Шындығына келсек, осындай замана туғанда рухани кеңшілікке мас болып сасып дағдарып қалу 90-жылдар басындағы әлеуметтік теке тірес кезеңінде көптеген шығармашылық тұлғалар басынан кешкен дүние болды. Осындай дағдарысқа бой ұрмай, философия ілімі саласында алғашқылардың бірі де бірегейі болып көзге түскен Жақыпбек Алтайұлы еді. Бірқатар білімгер, атышулы философтарымыз ескі инерция ізімен космополиттік тақырыптар шырмауынан шыға алмай жатқанда, 1994 жылы «Қазақ философиясының тарихына кіріспе» атты монография шығарды. Әрине, бұл кезде Абай, Баласағұн, Шәкәрім сияқты қазақтың ұлы ойшылдарына арналған жеке ізденістер олардың еңбектерінің қазақ тіліне аудармалары жарық көре бастаған. Десе де, отандық философия тарихын жүйелі түрде толық баяндаудың ұлттық сана қалыптасуына ерекше қажеттілігі болған еді. Ұлттық сана қалыптасу процесі бірнеше кезеңнен өтетіндігі ғылымда қалыптасқан пікір. Солардың ең алғашқысы және ең маңыздысы, Аристотель ұйғарымынша - катарсис. Катарсис дегеніміз жалпы өнермен, ұлт адамы үшін ұлт өнерімен кездескенде туатын пәрменді толғаныс, рухты тазартатын ерекше сезім. Бұл толғаныс жайдан-жай пайда

бола алмайды. Ол үшін біліммен толықсыған интеллект ғасырлар даналығын қорек еткен ой-сана қажет. Бұл екеуін де қалыптастыратын философия ілімі. Жоғарғы білім саласында ұлттық философия мемлекет тілінде беріле бастауы мұң екен, біздің әріптестеріміз, әрі достарымыз Жақыпбек Алтайұлы, Қасым Бейсенұлы, Аманжол Қасабек, Қаратай Мұхаметәлінің алғашында аз тиражбен шыққан арнайы оқулықтарына зор сұраныс туды.

Кәсіби философ ретінде ұлттық кітапханаға бас сұға қалғанда осы ғалымдардың еңбектерін таба алмай қынжылып тұрған студенттерді талай көргеніміз бар.

Жабайы капитализм кезеңінде білім, ғылым адамдарының тұрмыстары шамалы болса да, абыройларының келелі болуы ұлт болашағынан үміт күттірер демеу себепті еді.

Қазақтың дана мақал-мәтелдерінің бірінде «Шөпте шығатын жерге шығады. Ат та арқасына ер батса, жорға болады» делінген. Осы қос мәйекті құрама сөйлемнің мәні де, мәтіні де Жақыпбек Алтайұлының ғұмырнамасына эпиграф бола алады.

Қазақтық ұлттық руханиятты, мәдени құндылықтарды, менталдық ерекшеліктерді ерекше қастерлейтін топырақта туған, мектепті мемлекеттік тілде зор табысты үлгеріммен бітірген саналы түрде даналық іліміне бой ұрған азамат Жақыпбек ұстаздығы үздік, үлгілік қасиеттері мол, еркін ой, еркін қимыл иесі абзал аға Ағын Қасымжановтың философиялық мектебінің түлегі. Данышпан Әбу-Насыр әл-Фарабиді тарихи отанына қайтару жолында зор еңбек етіп, аты отандық философия тарихына алтын әріппен жазылған бірегей ғалым Ағын Хайруллаұлы оқушыларының ғылыми-педагогикалық салмақты жүкті мойынға артулары кездейсоқ болмас керек.

Осы жерде Шәкәрімнің мынадай шумағы еске түседі:

*Адаспайсың ақылды, арлыға ерсең,
Жолай көрме жылмайы сопы көрсең.
Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың
Алданбайсың артынан ере берсең.*

Ежелгі грек философиясындағы «акмэ»-рухани толықсу түсінігі 40-тан кейінгі жасты қамтиды. Жақып Алтайұлы 40 жасына дейін жүйелі түрде білім жинап, білім ордасы Қазақ ұлттық университетінде тұрақтануға күш салды. Ал соңғы жиырма жылы ғылыми еңбектер жазу, докторлық қорғау, шәкірттер дайындау

ісімен өтіп жатыр. Бұл жылдар көкейтесті сауалдарға жауап іздеу, жаңа құндылықтарға тәрбиелеу, жаңа құбылыстарды зерделеу, өскелең ұрпақты өз іліміне тарту, кафедра жұмысын жаңа талаптарға сай ойыстыру әрекетімен өтті. Осы әрекет-қимылдар, істер профессор Ж.Алтайұлының игерген белестері, қазіргі ғылыми, қоғамдық келбетінің мазмұны, жаңа қадамдарға негіз жан азығы, тәжірибесі, дағдысы.

Республика көлемінде жасаған салмақты үлесінің бірі – елдегі жоғары оқу орындарына жоғары ғылыми мамандық игерген кадрлар даярлау ісі. Соңғы 10 жыл ішінде Алтайұлының ғылыми басшылығымен ондаған ғылым докторлары мен кандидаттары дайындалды.

Досымыз, Ыбырай Алтынсаринның:

*«Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз» –*

деген қағидасын өз ісіне арқау етсе керек.

Бұл жерде баса айтатын бір жайт, олардың көпшілігі ер азаматтар. Философия ілімінің болашағы үшін, оқу-білім жүйесінің пәрменділігі үшін бұл өте маңызды шарт. Жалпы білім жүйесінде байқалып отырған дағдарыстың көп себептерінің бірі оқытушылар құрамындағы ер азаматтардың азаюы. Мұғалімдер корпорациясының феминистік әсем бейнесі іс жүзінде бүкіл қоғамды биязыландырумен қатар жарамды бәсеке, карьерлік үмтылыс, табандылық, батылдық сияқты қазір зор сұранысқа түсіп отырған сапалық сезімдерден алшақтауға да итереді.

Бұған дәлел ғылым, саясат, бизнес тарихында да, қазіргі болмыста да жеткілікті. Нобель сыйлығы жүлдегерлерінің жалғыз пайызы ғана әйел азаматтарға тиесілі.

Ал, философия іліміне келсек, атақты ойшылдардың бәрі дерлік ер кісілер.

Біздің студенттік кезімізде белгілі философ Жабайхан Мүбәрәк ұлы Әбділдин 1970 жылы неміс ойшылы Гегельге арналған халықаралық симпозиумға қатысты. Қазақ деген халықты біле бермейтін еуропалықтар жапон ғалымы деп шатастырған ағамыз, келген соң бір дәрісінде сол жиын турасында әңгіме қозғады. Студенттік тобымыздағы бір белсенді қызымыз Әлия Жакупова профессорға симпозиумға қанша әйел қатысты деген сауал қойды. Ағайымыз біраз ойланып, жадын жаңғыртып, бір әйел-стеногра-

фистка болды, сен қызым ренжіме, философия әсем әйелдердің ісі емес деп жауап қатты.

Қазіргі нарық заманында белсенді ер азаматтар кәсіпкерлікке жол тартты. Философиядағы монопольдық құқыққа әйелдер ие болды. Бұл болашақта философия ілімін дағдарысқа итеретін құбылыс. Гендерлік саясатпен бұл ілім арасында логикаға жүгінетін байланыс жоқ. Диалектика орнына синергетика келді, тарихқа, логикаға сүйену қалды. Ғылымда орныққан түсініктер, әдістер жолда қалды. Авторлық құқық, ғылыми жаңалық, ғылымға қосқан үлес деген түсініктер жалған мәнге ие болды. Бір жолы докторлық диссертация қорғаған бір келіншектің француз ғалымының бір сөз дерегін бірінші болып орысшадан мән аударып, қолданғам бұл менің авторлық құқығым, менен рұқсат сұрамай басқа ешкім де қолдана алмайды деп тұрғанына куә болдық. Бұл әрине абсурд.

Бұл жазылған жайттар мамандық таңдауға тыйым салу дегенді білдірмейді, Ж.Алтайұлы секілді кейбір болашақты дұрыс болжап, өз әлінше қимыл жасайтын көзі ашық жандардың әрекет-қимылын бағамдайды.

Әл-Фараби суреттеген жарамды қоғамда әрбір адам кез келген жұмысқа және кез келген кәсіпке жарамды бола бермейді және басқа адам емес, кейде тек сол адам, басқа бірер жұмысқа емес, тек сол бір жұмысқа жақсырақ жарамды болады.

Жақыпбек басқа жандарға да, өзіне де осы аспект тұрғысынан қарайтын көзқарас танытады.

Мен бір таң қалатын жайт, философтар бүкіл ғұмырларын даналықты танып білуге арнайды, қаншама өскелең жастарды даналықты сүйеге шақырады, ал өздері кейде күйбең тіршіліктің әлегінен көтеріле алмай, пендешілікке салынады.

Конфуцийдің бүкіл адамзат тарихында, теке тірес, өлара шақтарда да мәнін жоймаған «Өзіңе қалай қарасын десең, бөгделерге де солай қара» дейтін дана сөздері бар. Біздің досымыз осы моральдық қағидаға қатып қалған, қатты ұстайды. Сол себептен өмірінде біреуге қиянат жасаған кісі емес, ондай мінезді бойынан шырақ алып іздесең де таба алмайсың, қолынан келсе тек жақсылық жасауға даяр тұрады. Кейде даналықты уағыздауға міндетті мамандардың бүкшендеп, бөгде тырнағының астынан кір іздеп, аяғынан шалуға даяр тұрарды өте қынжыларлық іс. Ондай жандар философтар қауымына кездейсоқ кіріп кеткен аномалдық

күбылыс секілді әсер қалдырады. Ішінен «ой, пенде философияда нең бар еді, кетігің сенің басқа жерде болар» дейсің.

Адам бақытын жерден іздейді, көктен іздейді. Ал көп жағдайда өз бақытының тағдыр билігімен кездейсоқ, жол-жөнекей кездескен қосағында екенін сезбейді. Жақыпты отыз-қырық жыл білетін жақын достары сенің бақытыңның кілті – Райхан дегенді жиі айтады. Оған зор негіз бар. «Әдепті арлы жар сүйсең, оңғарылар бар ісің» дейді халқымыз. Бас қосып, үйлі-жаранды болған мезетте, Райхан мен Жақыпбектің ғылымға деген күштарлығы, талаптары, бейімділігі теңдей болатын. Әдеп сақтап, саналы түрде жолды жұбайына берген Райхан сергек ұйықтап, жанұя қызметтеріне алаңдатпай, отбасының ырыс әкелуіне мұрындық болды. Қазақ ұлтының отбасылық ырысы ұл-қызсыз толық болмайды. Жақыпбектің бақытының баяндылығы ұлы Шыңғыс пен қызы Кәмилаға бағынышты.

*«Таудан аққан жас бұлақ,
Құймай қоймас теңізге;
Жақсы әкеден туган ұл мен қыз,
Тартпай қоймас негізге», –*

деген нақыл сөзді растаған Шыңғыс пен Кәмила құқықтану саласында ғылыми еңбектер жазып кандидаттық және докторлық сатыдан көрінуге шақ түр.

Жоғарыда келтірген арқасына ер бата-бата жорға болған сәйгүлік секілді, балауса жастығында арман еткен ойларын жүзеге асыра-асыра келе үлкен мерейтойына жеткен досымыздың ойына мынандай ақын сөздерін салғымыз келеді.

*Жолдар, жолдар мені алыс апарыңдар,
Апарыңдар, ұзаққа сапарым бар.
Қаламдаймын әлі мен үшталмаған,
Сын тақпасын дос түгіл дұшпан маған.*

Абдраимов Әбдірашит Бәкірұлы,
ізденуші, «Ұлы дала тынысы» қоғамдық,
тарихи-этнографиялық газеті
Бас редакторының орынбасары.
Алматы қаласы

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ

(философия ғылымдарының докторы, профессор
Жақыпбек Алтаевтың 60 жасқа толуына орай)

Заманында Ұлы бабамыз әл-Фараби атақты Аристотельді өзінің ұстазы санады. Аристотель мұрасын игеру барысында оның өзі де адамзат ұстазына айналды. Бұл – ғылымда үнемі қайталанып отыратын құбылыс. Әдетте, ұлы ұстаз шәкірттері ұстазға еліктеуден бөтен өздері де талант иесі болып келеді. Ғылым сабақтастығы осы қағидаға сүйенгенде ғана даму бар. Ол дәлелдеуді қажет етпейтін нәрсе. Биыл 60 жасқа толып отырған профессор Ж.Алтаевтың шығармашылық жолына көз салсақ, жоғарыдағы айтылған қағиданың мұнда да іске асқанына куә боламыз. Ол – ХХ ғасырдағы қазақтың көрнекті философы Ағын Қасымжанов сияқты «ұстаз көрген», әрі бүгінгі күні ұстаздың ісін жалғастырушы ғалым. Қазақ философиясы тарихы мәселесіне қатысты бұл мақала профессор Жақыпбек Алтаевтың 60 жылдығына орай жазылды.

Тарихи тұрғыда қарасақ, қазақ халқының түркілік негізден бөлініп шыққанына көп уақыт өте қойған жоқ: 1235 жылы таққа отырған Жошы ханның ұлы Бату хан Алтайдан Днепр өзеніне дейінгі аралықта Алтын Орда қағанатын құрды. 1255 жылы Бату өлген соң, қазіргі қазақ жерінде Жошыдан тараған Шайбан, Орда Ежен, Тоқай Темір хандар билік етті. Олардың жерлері Алтайдан Еділге дейін болды. Оның ең ірісі Ақ Орда (Ертіс-Ішім-Арал. Тоқай Темір ұрпақтары) мен Көк Орда (Арал-Каспий-Жайық жазықтығы. Шайбан тұқымдары.) еді. Ақ Орда үздіксіз соғыс жүргізе отырып, батыстағы Алтын Орданың өзіне қауіп төндірумен болды. Оңтүстік-шығысында шағатай ұрпағының билігіндегі (Жетісу) жерлерді басып алды. Ал XIV ғасырда Көк Орданы өзіне сіңірді. XV ғасырда Әбілхайыр хан өлтірілген соң, оңтүстікке ығысқан Шайбан ұрпағы Мұхаммед хан өзімен бірге 300 мың түркілік руластарын ертіп кетті де, онда өзбек хандығын құрды (Ұлы атасы Өзбек ханның құрметіне

аталған). Ал көшпелі Өзбектерден бөлінген Тоқай Темір ұрпақтары Керей хан мен Жәнібек сұлтан Моғолстандағы Жетісу өңірінің батысындағы Шу өзенінің бойында (1459-1460) қазақ хандығын құрды. Оларға ірі тайпалар – арғындар мен керейлер қосылды. Яғни, осы кезеңдерден бастап «қазақ» атауы саяси мағынаға ие болып, болашақ ұлт қалыптасуының саяси алғышарттары пайда болды. [Хакимов М. Айқын тарих. Алматы, 2006.- 116-117 бб.]. Біз бұл тарихи деректерді келтіруіміздің себебі мынада: өйткені қазақ философиясының тарихын зерттегенде «зерттеу материалы» қазіргі қазақ атымен танылған ұлттың ғана емес, бірнеше мыңдаған жылдық тарихы бар, кейіннен түркілер аталған тайпалардың тарихына да үнемі оралып отыруды талап етеді. Халықтар мен ұлт-ұлыстардың мәдени дамуы өте күрделі процесс болғандықтан, оны құрайтын элементтер: тарихи замандар, оқиғалар, халықтың өмір сүру ерекшеліктері, өндіріс тәсілі, дәстүр-салттары философия тарихында синтезделген күйде көрініс табады. Болмаған жағдайда, ұлт мәдениеті мен философияның мазмұн-мағынасы, шығу тегі түсініксіз болып қала береді. Мәселеге осыған сай көзқараспен келгенде ғана «қазақ философиясының» шынайы тарихын қалыптастыру мүмкін екенін алғаш ұққан ғалымдардың бірі - ұлы философ Ағын Хайроллаұлы Қасымжанов (1931-2000) болатын. Ол өзінің осы бағыттағы алғашқы жұмысын ХХ ғасырдың 70-жылдары әл-Фараби мұраларын зерттеулерден бастады (кеңестік кезде бұл тақырыпқа идеологиялық табу қойылмаған-ды). Бірақ фарабитану «қазақ философиясы тарихын танудың негізі» деп саналғанымен, қазақ ұлтының рухани-мәдени тарихы фарабитанумен шектеліп қалмайтыны анық. Өйткені мәдени қабаттарды тереңдете зерттеу қажеттігі проблеманың ішкі логикасынан туындайды. Әрине, кеңестік кезде қазақ ұлтын сауатсыз (мәдениетсіз) деген пікір қалыптасып қалғандықтан, ол туралы мәселені ашық қою мүмкін болмады. Бірақ болашақта ұлттық мәдениеттану бағыты осылай бұрылатынын Қасымжановтың философиялық терең ойы түсіне білді. Сондықтан ол сол кездің өзінде-ақ өзінің талантты шәкірттерін осы тақырыпқа бұрыла бастауын астыртын түрде қадағалап отырған. Осы бағытта зерттеу жұмысын бастаған алғашқы аспиранттардың бірі бүгінде ұстаз ісін жалғастырып отырған Ж.Алтаев болатын.

Қасымжанов пен оның аспиранттарының соңғы зерттеулері қазақ философия тарихын «Фарабиден әрі қарайғы» немесе «фара-

биге дейінгі» замандарды зерделеуге бұрылуы бекер емес. Осы мақсатта Қасымжанов «дала өркениеті» ұғымын ғылыми айналымға енгізді. Ол, ұғымның мазмұнын анықтау барысында, «түпқазақ» (прототүрік) аталатын түркілік әлем дүниетанымының тұтас қабаттарын зерттеу қажеттігін сезді. Әрине, бұл қадам «әл-Фараби қамалын (философиясын) алдық» деген сөз емес, себебі басқада: ол – қазақ философия тарихын тұтас ілім ретінде конструкциялау міндетінен туындаған. Сонда ғана оны (философия тарихын) үзік эпизодтар жиынтығы емес, бірін-бірі толықтырып отыратын, іштей сабақтас, логикалық себеп-салдарлы байланысқан, қазіргі жағдайына эволюциялық жолымен сатылап жеткен ғылыми жүйе деп қарастыру мүмкіншілігіне қол жеткізуге болады деп санағандықтан. Бірақ А.Қасымжанов пен оның ізбасарлары зерттеу жұмыстарын бастағанда қазақ философиясы тарихына қатысты материалдар жеткіліксіз еді. Қазіргі ғылыми айналыстағы қазақ тарихын баяндайтын көптеген іргелі еңбектер ол кезде болмады. Зерттеу методологиясы да айқындалмаған күйде жоба деңгейінде қалып отырды. Сондықтан, бейнелеп айтар болсақ: «А.Қасымжановтың философия тарихына арналған зерттеулері – бүгін өзіндік ғылыми салаға айналған «қазақ философиясы тарихы» ілімінің прелюдиясы» деу орынды. Қазақ философиясында А.Қасымжанов салған осы бағытты дамыту өзекті мәселе: бұл - қазақ философиясы тарихын қалыптастыру мен философиялық ойды жаңа деңгейге көтеруді білдіреді. Ол туралы академик Ж.Әбділдин былай деп жазады: «Тұтас әлем туралы, оның негізі туралы ой толғағанда қандай экспериментке сүйенуге болады? Бұл туралы Канттың өзі «философия кез келген тәжірибенің аумағынын шығып кетеді. Оны игерудің бір ғана тәсілі бар, ол – философия тарихы» деп баяғыда айтып кеткен болатын.

Сырт көзбен қарағанда – философиядан жеңіл нәрсе жоқ сияқты. Иә, онда тұрған не бар: бірнеше ережені жаттап ал да, оны жаңа мысалдармен толықтыра сал, сонымен сен – философсың. Бірақ шындығында тіптен де олай емес. Философия – сананың ең күрделі түрі. Ол бүтін болмыстың жұмбағын шешуге ұмтылатын ілім және де ол бұл жұмбақты философия тарихын зерттей отырып қана шеше алады. Сондықтан философия тарихын тек тарих деп емес, оны жаңаның бастамасы деп ұғу керек. Мысалы, он жетінші ғасырда физика ғылымының беделі зор болды. Сол кезде көптеген физиктердің атағы Декарт пен Гоббсты он орап алатын. Ал енді,

қазір ол физиктердің көбінің аты ұмытылған, есте қалғандарының еңбектері ескірген. Сол сияқты, он сегізінші ғасырда беделі Канттан асып тұрған биологтың еңбегін бүгін қай биолог оқиды? Иә, оқымайды. Өйткені бүгінгі физика мен биология тәжірибелері аса қатты дамып кетті де, ол ғасырлардағы тәжірибелер тек тарихтың еншісі болып қалды. Философияда бәрі керісінше: үнемі өткенге оралып отырмасаң, бір табан алға баса алмайсың. Сол себепті, кез келген ұлы философ тарихтың еншісіне айналып кетпейді, ол – үнемі тарихтың замандасы. Гегельді де, Абайды да зерттеп біту мүмкін емес. Олар әр жаңа заманға өз қырымен қайта оралып отырады. Мінеки, философия тарихының маңыздылығы да, философияның құдыреті де осында» [Әбділдин Ж. Время и культура. Размышления философа. – Алматы: Алаш, 2003. – 143-б. Ауд. - авт.]. Бұл тезистен философия тарихына қатысты мәселенің ғылыми өзектілігі қаншалықты маңызды екенін айқын ұғуға болады.

Академиктің бұл сөздерінің А. Қасымжанов мұрасына тікелей қатысы бар: біз ұлы философтың мұрасын зерттеу арқылы философиямызды дамытамыз. Бұл әрекет Қасымжанов мұрасын зерттеу мен оның қазақ философиясындағы орнын анықтаудан басталуы философияның даму заңдылықтарынан туындайды. Себебі философия өз тарихын универсалды байланыстар жиынтығы деп санайды да, оны жүйелі түрде зерттеу мен объективті талдауға кіріседі. Ол кез келген зерттеушіге мынадай міндеттерді жүктейді:

а) егер, мәселе, ғұлама ғалымның философиялық мұрасы туралы болып отырса, онда ғалымның өз заманындағы ғылымға қосқан үлесін анықтау;

ә) оны анықтай отырып, ғалымның сүйенген универсалды тәсілдерін және ол қолданысқа енгізген методологияны анықтау;

б) соған сүйене отырып, ғылымның қазіргі жағдайына оралу, оны жаңа сатыға көтеру, тереңдету.

Бұл - тарихи философиялық ойды қайталап шығу немесе соңғы ғылыми жаңалықтарға сүйене отырып қайта сараптап шығу, немесе, кейде қате ойлайтынымыздай - ойшылдың мұрасынан қазіргі заман көрінісін іздеу емес: тарихи зерттеудің мақсаты өткен мен бүгіннің объективті байланысын анықтау. Сонда ғана проблеманың генезисін анықтауға, субъективизмге беріліп кетпеуге мүмкіншілік ашылады. Бұл зерттеуге күрделі қоғамдық сананың (ғылым, мәдениет, өнер) дамуы детерменистік принциптердің

негізінде жүзеге асатынын көрсетеді. Яғни, ғылыми зерттеу субъективті процесс болғанымен, зерттеу қорытындысы объективті мазмұнға келіп тірелуі тиіс. Ал методологиялық қателіктерге бой алдырып, субъективизм деңгейінен шыға алмай қалғанда, шындыққа сай келмейтін қорытынды туындауы мүмкін. Бұл қиындық кез келген проблеманы универсалды байланыс тұрғысынан зерттейтін философия ғылымында ерекше көрініс табады: «зерттеу объектісі» зерттеушіден тиянақты ғылыми дайындық пен өзіне (зерттеу объектісіне) сай білімді, ғұлама өмір сүрген заман ерекшеліктерін тұтас көре білуді және т.с.с. талаптарды қажет етеді. Мысалы: «ғылымды ағып жатқан үлкен дария десек, зерттеуші осы ағыспен ілесіп отырғанда ғана, ондағы тамшылардың қандай екенінін дұрыс біле алады». Онымен қоса, ғұламаның даналық болмысын ашып көрсету мен оның ғылыми тереңдігін анықтау да – зерттеушінің міндеті. Бұл мақаланың «зерттеу объектісі» болып отырған ғалым – Ағын Хайроллаұлы Қасымжанов өз шығармашылығын зерттеушіге сондай «талап қоятын» қатардағы ғұлама.

«Қасымжановтың ғылыми-теориялық еңбектері ХХ ғасырдағы бүкіл қазақ философиялық дәстүрінің шағын «көшірмесі» немесе сығымдалған теориялық аспектісі болып табылатыны қазіргі кезде өте анық біліне бастады. Бұл – аса талантты философтардың еңбектері «өз уақытының квинтэссенциясы» ғана болып қалмай, философиялық ілімнің болашақ даму тенденцияларын да айқындайтын ақиқат. Ал Ағын Қасымжанов өткен ғасырда өзімен қатарлас еңбек еткен әріптестері Ж.Әбдилдин, Баканидзе, М.Орынбеков, О.Сегізбаев, Ә.Нысанбаев және басқа да философтардың «жұлдызды шоғырымен» қатарласа жұмыс жасай отырып, өз талантының арқасында алдымен кеңестік, одан кейін әлемдік философиялық ортадан орнын таба білді», – деп жазады, Қасымжановтың тағы бір талантты ізбасары, философ Аманжол Қасабек.

А.Х.Қасымжановтың творчестволық жолын зерттегенде оны ғалымның ғылыми эволюциясына анықтама беруден бастағанымыз – оның ілімін зерттеу методологиясы тұрғысынан дұрыс деп санаймыз (бұл тақырып бойынша профессор Алтаевтың еңбектеріне сүйену қажеттігін еске саламыз). Тарихта ғұламалығы ғасырдан ғасырға ұласатын Аристотель – бірінші ұстаз аталып кеткен. Оның даналығы әлемге аян болғандықтан, бұл теңеуге ешкім шек келтірмейді. Дегенмен, оның бұл даңқына жарты әлемді жаулаған Ескендір Зұлқарнайынның (Александр Македонский) қатысы бар

екенін ескеру қажет. Өйткені тарихта оның Буцефал атты арғымағының да аты қалған. Олай болса, жарты әлемнің патшасы Ескендірді тәрбиелеген Аристотель «бірінші ұстаз» болмағанда кім болуы керек? Сондықтан Аристотельдің «бірінші ұстаз» атағының астарында осындай саяси себеп бар екені анық. Бірақ, әрине, ол осындай атаққа әбден лайық. Ал Аристотель еңбектерінің теңдессіз шолушысы болған бабамыз Әбунәсір әл-Фарабидің Ескендір Зұлқарнайын сияқты «саяси себепкері» болмаса да, өз даналығымен, зерттеу тақырыбының кеңдігімен әлемдегі «екінші ұстаз» атағына ие бола алды. Өкінішке қарай, барлық уақтысын ғылым жолына арнаған ұлы бабамыз шыққан тегінің атын атап, түсін түстеп кетпепті. Бір ғана анығы - Фарабта, яғни Отырарда туылғаны. Міне, дәл осы жағдай бізді тығырыққа тірей жаздады. Әл-Фарабидің аты жаңғыра бастағанда, даңққұмарлау өзбектер ойшылдың туған мекенінің өз жеріне таяу жатқанын тиімді пайдаланып кетуге барынша күш салды. Отырар қазақ жерінде болғанымен, олар бабамыздың ұлтын өзбекке (ол ғасырда қазақ сияқты өзбектің де болмағанына қарамастан) айналдыруға тырысты. Туысқан екі халықтың арасында әл-Фарабидің тегі үшін күрес басталды. КСРО Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Ақжан Машанұлының Ташкентте өткен ғылыми конференцияда «бабамызды түркілердің ортақ ғұламасы деп таниық» деген ұсынысы қабылданбай қалды. Өйткені, егер осындай мәмілеге келе қалған жағдайда, сол заманның әлемге әйгілі ғұламаларының барлығы дерлік «түркілік» болып шығып, қазіргі түркі халықтарының ортақ қазынасына айналар еді. Ал ол кезде «социалистік жарыстың» қызығына беріліп кеткен республика басшылары бұған келісе қояр ма еді?.. Соның арқасында, әл-Фарабидің ғылыми мұрасына тікелей қатысы жоқ бұл мәселе екі туысқан елдің арасындағы ымырасыз дауға айналып шыға келді. Екі ұлттың ғалымдарына сын болатындай ахуал қалыптасты (дәл осы жағдайды КСРО Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі А.Машанұлы 1975 жылы ҚазМУ-де өткен халықаралық конференцияда ашық баяндады). Осыған байланысты Қазақстан ғалымдары тарапынан А.Машанұлының басқаруымен арнайы топ құрылып, оған жазушылардан Ә.Әлімжанов, ғалымдардан А.Қасымжанов енді. Ал Мәскеуге бұл өте қызық жәйт-тін: «қай жеңгенің менікі» дегендей кейіп танытып, бақылап қана отырды. Шынында да, бұл тығырықты мәселе басқаша сипат алып кеткенде, Мәскеу бір ғана

пленум қаулысымен бабамызды өзбек атандыра салуы ғажап емес еді. Онда қазақ халқы өзінің Әбунәсір бабасынан мәңгілікке айырылуға мәжбүр болатұғын. Бірақ бағымызға қарай, алдымен ақиқаттың, содан кейін философтарымыздың мысы басып, біз ондай масқарадан аман қалдық.

Міне, сол бір қысылтаяң кезде А.Қасымжановтың терең ойы, жоғарғы интеллектуалдығы, ғылымдағы беделі Әбунәсір әл-Фараби бабамыздың өзбек болып кетпей, шын тегін сақтап қалуына себеп болды. Өйткені әл-Фараби еңбектерін көршілерден ешкім де дәл Қасымжановша, өте терең теориялық деңгейде талдап бере алмады. Жазушы Ә.Әлімжановтың «Үстаздың оралуы» деңгейіндегі шығармасындай туынды (ғылыми кеңесшісі А.Қасымжанов) ұсынған да ешкім шықпады. Белгісіз себептермен бұл кітапқа тыйым салынғанымен, ол, бәрібір, өз міндетін атқарды деп санаймыз. Сөйтіп, атақты Әбунәсір Әл-Фараби бабамыздың рухы 1100 жылдан кейін өз елінде қайта жаңғырғанда, сол жаңғырудың рухани-интеллектуалды «аталарының» бірі емес, бірегейі болып заманымыздың ұлы философы Ағын Хайруллаұлы Қасымжанов тұрды (оның талантын құрметтегендіктен ғана, мәскеулік атақты арабтанушылар Б.Г.Гафуров, А.В.Сагадеев, Я.Яшерович, қазақстандық А.С.Иванов, К.Т.Таджикова, Н.Караевтер, европа тілдерінің маманы Е.Д.Харенко, Иран ғалымы Ильяс Омар Мұхаммед Әл-Фараби мұрасын зерттеу тобына келіп қосылғанын жасырмаймыз). Мәселеге қайта оралатын болсақ, онда «ал Мәскеу ше?» деген сұрақ және қылаң береді. Бұл сұрақта әуелі бейтарап, «қай жеңгенің менікі» дегендей кейіп танытқанымен, олар, шындықты айту керек, Қасымжанов ұстанған нағыз ғылыми көзқарасқа, терең талдауға қиянат жасамады. Оның үстіне, сол уақытқа дейін А.Қасымжанов жетекшілік еткен ғылыми топтың күшімен әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», «Математикалық трактаттары», «Птоломейдің «Алмагестіне» әл-Фарабидің түсініктемесі» атты кітаптар қазақорыс тілдерінде жарық көріп үлгерді де. Нәтижесінде жоғарғы жақтағылар (әл-Фарабидің кім екені туралы шешім шығарушылар. Қандай моральдік құқы бар?) қазақ философына 1975 жылы Москва қаласында халықаралық ғылыми конференция ұйымдастыруға рұқсаттарын берді. Осылайша, Әбунәсір бабамыздың «қазақ» екендігі үнсіз мойындалды. Көршілер амалсыз тынышталды.

Бұдан шығатын қорытынды: А.Қасымжанов мыңжылдықтар өткеннен соң әл-Фарабидің даналығы қазақ ұлтының рухани бастауы болатындығын әл-Фарабидің өзі сияқты ақыл-ойдың күшімен сақтап қала алды. Сөйтіп, А. Қасымжанов ұлты үшін жасаған осы ерлікке парапар ғылыми еңбегі арқылы, қазақ халқы үшін «үшінші ұстаз» деген марапатқа ие болды.

Осыған дейін философия факультетінің деканы, білім жетілдіру институтының директоры қызметтерін атқарған А.Қасымжановтың шығармашылығына 1986 жылғы көтеріліс күрт өзгерістер алып келді. ҚазМУ-де философия тарихының меңгерушісі болып жүрген ол қызметінен кетуге мәжбүр болды. «Ұлтшыл» атақтың шылауына ілінген соң, зооветинституттың философия кафедрасында профессор болып жұмысқа тұрды. Бұл кезде Қасымжановтың алдында таңдау тұрды: бірі - өзі терең игерген әлемдік философияның теориясының тұңғиығына сүңгу болса, бірі - өз халқының даналық ойын әлемдік биікке көтеру міндеті (парыз) болатын. Ол екінші жолды таңдады. Содан бастап оның зерттеу назары қазақ халқының рухани мәдениетіне қарай түбегейлі бет бұрды. Ол зерттеулерінің қорытындысы ретінде «Қазақ халқының рухани мұралары» атта кітапты жарыққа шығарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бұл кітап үлкен беделге ие болды. Кейінірек мәлім болғандай, ол еңбек басқа да көптеген жұмыстардың бастамасы ретінде қызмет етті.

1996-1997 жылдары қазақ философы Фулбрайт Қоры степендиясымен Оклахома мемлекеттік университетіне лекция оқуға шақырылды. Соған орай А.Қасымжанов үш ай мезгілде ағылшын тілін жетік меңгеріп алды да, Америкаға аттанып кетті. «Үшінші ұстаздың» бұл сапары елден кету емес, керісінше өзінің кең даласына «қайта оралу» болып шықты. Ол 1996-1997 жылдары АҚШ-тың Оклахома университетінде дәріс оқып, мұхиттың арғы жағына қазақ елін жаңа қырынан – даналығы тұрғысынан таныта білді. Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі туралы «Дала өркениеті», «Орталық Азия мәдениетіне кіріспе» сияқты лекциялар циклін оқыды. «Дала өркениеті» ұғымын ғылыми айналысқа алғаш енгізген де өзі болды. Оның Америка ғалымдарының, студенттерінің алдында беделі зор болғаны сонша, америкалықтар оны «дала кемеңгері» деп атап, дәрістерінің соңынан дуылдата қол соққан екен. Өнердің қай түрі болмасын әсемдігімен құнды. Сол сияқты, философияда да ой әсемдігі болады. Түсінген адамға оны сезінуден

асқан қуаныш жоқ. Ал тыңдаушысына ондай қуанышты сыйлай алатын асқан шеберлік – ойлау шеберлігі қазақтың осы бір ұлында ерекше еді.

А.Қасымжанов АҚШ-та жүргенде «Ортағасырлық мәдениеттің қайта өрлеуі» деген тақырыпта ғылыми конференция ұйымдастыра алды. Оған әлемнің әр түкпірінен көптеген атақты ғалымдар қатысты. Бүгінде оның лекциялары ағылшын тілінде бөлек жинақ етіп шығарылып, университет студенттеріне ұсынылып келеді. Ал оның туған қаласы – Алматыда, шәкірті, философия ғылымдарының докторы Жақыпбек Алтаев 2001 жылдан бастап жыл сайын «Қасымжанов оқулары» атты халықаралық ғылыми конференция өткізуді дәстүрге айналдырды. Конференция тұрақты түрде, жыл сайын ұлы философтың туған күні қарсаңына орайластырып, қазан айында өткізіліп келеді. Бұл – қазақтың көрнекті философияна деген құрмет, әрі ғылымның дамуына қосылып отырған үлес. Жалпы бізде тарихтағы белгілі ғұламаларымызды зерттеу жоғарғы деңгейде болуы тиіс. Бірақ күні кеше ғана қатарымызда жүрген ғұламаларымыздың мұрасын зерттеу әлі де жеткілікті ғылыми дәрежеге көтерілген жоқ: көптеген ғалымдарымыздың еңбектері әлемдік философия тарихында елеулі оқиғаға айналғанына қарамастан, қазақстандық философия тарапынан өз дәрежесіне сай ғылыми сараптама жасалмай келеді. Сондықтан ұсынылып отырған бұл еңбек осы олқылықтың орнын толықтыруға жасалған алғашқы қадамның бірі. Мұнда көрнекті ғалымның өмірбаяны баяндалумен бірге, ол көтерген философиялық мәселелердің қазіргі кездегі теориялық-практикалық маңызын көрсетуге талпыныс бар. Сол себепті көрнекті философ А.Қасымжанов творчествосына арналған кез келген ғылыми еңбек қазақ философиясы дамуына қосылған азды-көпті үлес болмақ. Себебі проблема генезисі (А.Қасымжанов творчествосын талдау) осыған итермелейді. Бүгінде Ұстаз кафедрасын басқарып отырған, өзі де салмақты философқа айналған профессор Алтаев Жақыпбек Алтайұлы жоғарыда аталған мәселелерді кеңінен зерттеумен айналысуда. Ол басқарған кафедра өткізетін «Қасымжанов оқулары» атты халықаралық ғылыми-теоретикалық конференция – осы жолдағы бірден-бір ірі қадам. Оның маңыздылығы да сонда: конференция философия тарихы методологиясының дамуына, жалпы, қазақ философиясының дамуына ықпал етеді. Оған қатысушы әр елдердің танымал философтары, қазақстандық философия мектебінің танымал ма-

мандары, аспиранттар осы арқылы Қасымжанов шығармашылығына «еніп» қана қоймайды, олардың еңбектері оның философиясының табиғи түрдегі жалғасына айналады. Ал Ж.Алтаевтың теориялық және ұйымдастыру қызметін алар болсақ, оны – отандық философия дамуына қосқан қомақты үлесі деп бағалаған өте орынды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Абдилдин Ж. *Время и культура: Размышления философа.* – Алматы: Алаш, 2003. – 143-б.
2. Алтаев Ж.А. А.Х. Қасымжановтың өмірі мен шығармашылық қызметі. *Адамның өзін-өзі рухани анықтауы және қоғам: Бірінші Қасымжанов оқулары: халықаралық ғылыми конференция материалдары.* – Алматы: Қазақ университеті, 2003. -13-б.
3. Касабек А. *О философском творчестве А.Х. Касымжанова. XXI век: время понимания великих традиций.* – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 144-б.
4. Хакимов М. *Айқын тарих.* - Алматы, 2006. 116-117 бб.

ИСТОКИ МУДРОСТИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ: ДИАЛОГ С ПРОФЕССОРОМ ЖАКИПБЕККОМ АЛТАЕВЫМ

Великий русский писатель и философ Л.Н.Толстой в своей книге «Путь жизни» отмечал: «Если бы человек не мог мыслить, он бы не понимал, зачем он живет, он не мог бы знать, что хорошо и что дурно, и потому нет ничего дороже для человека того, чтобы хорошо мыслить». Эти идеи нашли дальнейшее развитие в документе «Стратегия философии ЮНЕСКО» (2004), в котором подчеркивается особая миссия философии в современном мире. Философия призвана развивать творческие способности и культуру мышления в профессиональной философской и научной среде, содействовать повышению качества образования, стать сферой разрешения глобальных проблем человечества и основой для международного сотрудничества. О судьбах философии и философа, о перспективах развития науки и образования в XXI веке мы беседовали с доктором философских наук, профессором, заведующим кафедрой философии и методологии социального познания КазНУ им. аль-Фараби Жакипбеком Алтаевичем Алтаевым накануне его 60-летнего юбилея.

— *Уважаемый Жакипбек Алтаевич! Великий французский писатель-гуманист Антуан де Сент Экзюпери заметил, что он родом из детства. А что Вы можете сказать о мечтах детства? Кем Вы хотели стать? Как Вы пришли в философию?*

— В школе меня интересовала литература, я очень много читал. Со школьной скамьи был знаком с трудами Аристотеля и Платона. Первоначально у меня были мысли связать свою жизнь с журналистикой или филологией. В нашем роду были в основном естественники – физики, математики, гуманитариев не было. Первый гуманитарий – это я. Мне порекомендовали обратить внимание на более фундаментальную науку в выборе моей профессии. В Ташкентском государственном университете им. В.И.Ленина среди специальностей философско-экономического факультета я выбрал специальность «философия» – внутренне, интуитивно почувствовал – это мое призвание. Мой выбор был поддержан отцом: «Будь философом!». Учиться было непросто, даже очень трудно, я закончил казахскую школу, а преподавание велось на русском языке. Спецификой обучения науке философии и тогда, и сейчас является серьезная, системная и основательная работа с первоисточниками. Мы целыми сутками напролет штудировали первоисточники в Центральной библиотеке им. Алишера Навои, которая являлась одной из богатейших библиотек в Центральной Азии. Деканом нашего факультета в то время был профессор А.Хидояттов. Мне посчастливилось слушать курсы по «Мировоззрению аль-Фараби» академика М.М.Хайруллаева, «Современной западной философии» академика Е.Юсупова, а «Историю философии Среднего и Ближнего Востока» нам читал профессор Ж.М.Бобоев, «Философские проблемы естествознания» – профессор К.И.Иванова, «Социальную философию» – профессор Т.Р.Абдушукуров. Вместе со студентами-экономистами мы постигали азы экономики по «Капиталу» К.Маркса у профессора Р.Ризаева.

Человеком, определившим мою судьбу еще в студенческие годы, я считаю профессора Льва Евсеевича Гарбера. Именно благодаря ему история философии стала делом всей моей жизни. Профессор Л.Е.Гарбер читал нам спецкурсы по «Философским тетрадам» и «Материализму и эмпириокритицизму» В.И. Ленина, начиная со 2 курса все курсовые работы я писал по истории философии, дипломный проект «Проблема сознания в «Диалектике природы» Ф.Энгельса» был выполнен под руководством профес-

сора Л.Е.Гарбера. В студенческие годы я очень много занимался, был активистом научного студенческого кружка по истории философии. Несмотря на трудности в такой сложной науке, как философия, я не разочаровался, убедился в правильности своего выбора.

— *На Востоке всегда очень высоко почитался Учитель. Вы являетесь одним из учеников великого ученого и гениального мыслителя, члена-корреспондента НАН РК, профессора Агына Хайрулловича Касымжанова. Известный индийский суфий Идрис Шах подчеркивал, что «гуру не тот, кто собирается учить тебя, не тот, кто может научить, а тот, кто тебя чему-то научил». Когда и как встретили Вы своего Учителя и чему научились у него?*

— После окончания университета один год я проработал литературным сотрудником в районной газете, а затем преподавал в Чимкентском педагогическом институте. Как молодой перспективный ученый в 1976 году я был направлен в целевую аспирантуру Института философии АН КазССР, в отдел профессора А.Х.Касымжанова. В то время он возглавлял творческую группу по исследованию, переводам и публикации духовного наследия Второго Учителя – аль-Фараби. Казахстанская школа фарабиведения была известна не только в Союзе, но и во многих зарубежных странах: впервые в истории востоковедения по ее инициативе была проведена международная конференция в городах Алма-Ата – Москва – Багдад, посвященная изучению наследия аль-Фараби. Переводы аль-Фараби на русский и казахский языки: «Философские трактаты» (1970), «Математические трактаты» (1972), «Социально-этические трактаты» (1973), «Логические трактаты» (1975) и др. работы великого сына Отрара вышли именно в Алматы. В 1977 году Агын Хайруллович стал деканом философско-экономического факультета КазГУ им. С.М.Кирова и заведующим кафедрой истории философии и логики, поэтому аспирантуру закончил при вышеназванной кафедре. Запомнилась первая встреча с Учителем. Я ждал его после лекции по «Философским тетрадам», но не заметил как он, подобно метеору, промчался мимо, так как был энергичным, живым человеком. Хотя выглядел Агын Хайруллович очень солидно, был общительным, жизнерадостным и доброжелательным человеком. Он познакомил меня с сотрудниками отдела

фарабиведения А.Ивановым, К.Х.Таджиковой, Е.Д.Харенко, Д.М.Мажиденовой и др., а также со своими учениками-аспирантами – Аманжолом Касабеком, А.Ж.Кельбулгановым, Н.К.Бегалиевым, Б.Г.Нуржановым, К.Ш.Бейсеновым, Т.К.Искаковым, С.Б.Булекбаевым. Все они стали моими близкими друзьями на всю жизнь. Агын Хайруллович был очень ярким человеком, самобытным мыслителем, философом от Бога. Он обладал гениальной интуицией, чувствовал перспективное и актуальное. Тема моей кандидатской диссертации была выполнена на стыке истории философии и экономической теории. Сегодня такие исследования называются междисциплинарными и являются приоритетными в эпоху информационного общества. После защиты кандидатской диссертации Агын Хайруллович посоветовал мне, как человеку хорошо знающему казахский язык, работать над казахской философией, исследовать философские истоки фольклора, устного творчества родного народа. Агын Хайруллович был человеком дела, это проявилось с первого дня знакомства и на протяжении всех лет общения и сотрудничества. Перед отъездом в Оклахомский Университет (США) по стипендии Фулбрайта он четко сформулировал задачу: «К моему приезду диссертация должна быть на столе». Его наказ я выполнил, в 1997 году защитил докторскую диссертацию на тему «Становление казахской философии». А ей предшествовали скрупулезные исследования и долгие годы работы. Впервые вместе с Агином Хайрулловичем мы написали статью «Преемственность традиций в казахской философии» в 2-х номерах журнала «Мұрагер» (1992), она была тепло принята читателями. В газете «Қазақ әдебиеті» в соавторстве с А.Х.Касымжановым мы опубликовали статью «Многовековые истоки казахской философии» (1992). В 1993 г А.Х.Касымжанов издал книгу «Духовное наследие казахского народа» на русском языке. Позже я выпустил на казахском языке свою книгу «Духовное наследие казахского народа: аль-Фараби, Шакарим» (1997). В 1994 году Центром аль-Фараби при КазНУ имени аль-Фараби под руководством А.Х.Касымжанова вышла монография «Қазақ», в которой весь перевод и редакционная правка текстов на казахском языке была осуществлена мною. Большую признательность и благодарность я хочу выразить своему талантливому коллеге, старшему другу, соавтору книги «Введение в историю казахской философии» (1993) доктору философских наук, профес-

сору Аманжолу Касабековичу Касабеку. Он оказал мне большую помощь в постижении истории отечественной философии. Агын Хайрулович Касымжанов был неутомимым лидером, демократичным человеком, любителем и ценителем прекрасного, эстетом, элегантным, всегда молодым, энергичным и мудрым. Эти замечательные качества мне очень нравились, я многому научился у него и сам пытался и пытаюсь быть таким, как наш учитель.

— *В своей лекции, прочитанной в МГУ в 1990 году, известный французский философ, профессор Жак Деррида отмечал: «Самоопределение, самоотождествление нации всегда имеет форму философии, которая от того, что она лучше представлена той или иной нацией, тем не менее имеет то или иное отношение к универсальности философской сферы. Эта философия как структура национальности... как бы вид, род универсального дискурса, который «воплощен», репрезентирован, локализован, но не ограничен частностью отдельной нации». Чем, на Ваш взгляд, отличается казахская философия от европейской восточной традиции?*

— Казахской культуре были присущи имманентные формы духовности. Именно наличная форма духовного производства как более устойчивое образование была ведущей стороной самобытного казахского общества и основанием культуры. Духовные приоритеты казахской цивилизации базировались на фундаментализме личностных отношений и исполняли роль хранителя и транслятора исторической и социальной памяти. В казахском обществе не было философствования рационалистического, университетского типа, у нас преобладали нефилософские формы рассуждения в виде художественных, в частности образных, метафорических, текстов. Это роднит казахскую традиционную философию с восточной философией. «Философемы» (философские понятия и категории на уровне обыденного сознания) рождаются из бессознательного, поэтому философскую систему казахского общества необходимо рассматривать в социокультурном контексте. Идейными источниками казахской философии были древнетюркская письменность (орхоно-енисейские надписи на стелах Кошо Цайдама), религиозно-этические концепции шаманизма, тенгрианства и ислама. Изначальной формой философского освоения мира был бытийный способ отношения к действительности, основные мировоззренческие

ориентиры и категории бытия казахов базировались на предметно-практической деятельности. Кочевой образ жизни, торговля и обмен, юрта как модель Вселенной порождали категории качества, количества, пространства, времени, меры. Казахскому этносу присуща исходная противоречивость – антагонизмы с окружающими народами и самим собой, необходимость совмещения скотоводства и земледелия, кочевничества и оседлости. Все вместе породило уникальную и самобытную казахскую философскую традицию. фундаментализм личностных отношений, приоритетность проблемы человека и мира стали главной линией всей казахской философии от истоков до сегодняшнего дня. Вполне закономерно, что круглый стол, который будет проводиться 26 апреля 2008 года на факультете философии и политологии КазНУ имени аль-Фараби, будет посвящен антропологическому дискурсу казахской философии в контексте современности. За круглым столом предполагается обсуждение специфики понимания человека в казахской и мировой философии, основных ценностей национальной культуры и проблем духовности в современном мире.

— В 2009 году интеллектуальная философская общественность нашей страны будет отмечать 60-летие философского образования в Казахстане. Каковы, на Ваш взгляд, перспективы развития философии и философского образования в Казахстане?

— Перспективы развития философского образования в Казахстане мы связываем с базовыми философскими кафедрами КазНУ им. аль-Фараби, с факультетом философии и политологии и Институтом философии и политологии НАН РК, а также с активным сотрудничеством с европейскими странами, США, Россией, государствами Центральной и Восточной Азии. Наша казахстанская философская школа работает плодотворно и удачно. Ее заслуги признаны во всем мире. Главной задачей развития философии на современном этапе является развитие национальной философии. Сегодня чрезвычайно актуальна проблема познания «Другого» в культурно-историческом, в социально-историческом, психологическом (в плоскости индивидуального сознания), бытийственном (в плане идентификации и самоидентификации) аспектах. Мы должны показать классическому европейскому Разуму и традиционной Восточной мудрости свою, «Другую» философию – Мудрость Великой Степи и на равных партнерских основаниях войти в мировую, универсальную философию. Определенные шаги в данном направлении уже сделаны. Еще в 90-е годы

прошлого века мы активно работали с иранскими коллегами по вопросам исследования казахской национальной философии. В 30-томной Исламской энциклопедии, изданной на английском, арабском, персидском и др. языках, есть статья про Великого Абая, написанная мною. В 1993 году иранский профессор Ахмет Пакетчи приезжал к нам читать лекции в университете на казахском языке. Для знакомства с философской культурой и традициями казахского народа специально для иранской философской общественности был разработан проспект по казахской философии, запланирован перевод книги «Қазақ философиясы» (1994 г.) на персидский язык. Будучи в Тегеране, я вместе с профессором А.К.Касабеком, профессором Т.Какишевым участвовал в международной конференции, в которой принимали участие ученые из 50 стран мира.

По линии Фонда Фулбрайт Агын Хайруллович Касымжанов в 1996/1997 годах читал лекции по степной цивилизации, знакомил американцев с народными традициями и обычаями. На долгие годы в памяти запечатлелся праздник Наурыза, организованный по инициативе Агына Хайрулловича. Курс по степной цивилизации имел ошеломительный успех у слушателей, его приняли, перевели на английский язык и теперь читают в 6 штатах Америки. По материалам этого курса А.Х.Касымжанов опубликовал книгу «Стеллы Кошо Цайдама» (1998 г.), которая сразу после выхода в свет стала библиографической редкостью.

Мир тюркской культуры, тюркская цивилизация – это новый пласт национальной культуры, который требует осмысления и разработки. В первую очередь, необходимо создать базу – категориальный аппарат и методологию исследования. Еще одним интересным направлением исследования является анализ скифских истоков казахской философии – идей одного из семи мудрецов Древней Греции Анахарсиса Скифского (Анариса). Очень важным как для потомков, так и для современников является освоение философского наследия гениальных сынов отечества, которые жили и творили в условиях суверенного Казахстана и во времена, предшествующие этому. В октябре 2008 года факультетом философии и политологии при непосредственном руководстве декана факультета, профессора Шаукеновой Заремы Каукеновны, кафедрой философии и методологии социального познания КазНУ им. аль-Фараби будут проводиться IV Касымжановские чтения «Философия. Культура. Мышление». Этот форум собирает соратников, учеников, друзей Третьего Учителя для обсуждения ак-

туальных проблем философии начала XXI века. Это возрождение философских школ молодых ученых, идейным вдохновителем и организатором которых был сам Агын Хайруллович. Одну секцию данной конференции мы посвятим памяти известных казахстанских ученых, выпускников МГУ им. М.Ломоносова, профессоров Муқанмадыра Серикбековича Орынбекова и Билима Кайнеловича Кудайбергенова.

— *У Вас, как у известного отечественного ученого и мыслителя, тоже есть своя школа, свои ученики. В каком направлении работают Ваши ученики?*

— Да, как у исследователя казахской философии у меня есть ученики, я подготовил 1 доктора наук – Ахметжанову Кулзипаш, ее докторская диссертация посвящена анализу традиционной культуры как основы идентификации казахского этноса (2006 г.) и 15 кандидатов наук. Они защитили диссертации по истории философии, социальной философии, истории и теории культуры. Все они в различных аспектах изучают историю философии и разрабатывают теорию отечественной философии. На сегодняшний день ряд моих учеников готовятся к защите докторских и кандидатских диссертаций. Мои ученики исследуют творческое наследие и этапы духовного становления нашего Учителя – Агына Хайрулловича Касымжанова. Хорошей традицией кафедры с 2003 г стало празднование Всемирного Дня Философии на факультете философии и политологии. За круглым столом известные и молодые ученые обсуждают актуальные, злободневные проблемы философии. Есть определенные идеи по подготовке к 60-летнему юбилею философского образования в РК. Надо отметить, что руководством университета и факультета постоянно осуществляется всемерная поддержка любым начинаниям молодых ученых в сфере науки.

— *Жақипбек Алтаевич! Вы являетесь членом экспертного Совета по контролю в сфере образования МОН РК, директором Регионального Центра по «Истории и философии науки» - организатором науки крупного масштаба. Что Вы можете сказать о перспективах развития науки в Республике Казахстан?*

В Казахстане, в университете и, в частности, на нашем факультете много талантливой молодежи. У нас существуют давние, проверенные временем традиции роста и воспитания научных кадров – институты аспирантуры и докторантуры. Сама

реальность показала, что забвение не предвещает ничего хорошего. Помните предупреждение Кюль-тегина из далекого 731 года: «Хороших и мудрых людей, благородных героев народ табгач и их сторонники не (могли) сдвинуть (с истинного пути). Но если (отдельные лица) из тюрков (и соблазнялись), то целые роды (даже) до собственников (до брачного родства) не отклонялись. Дав себе прельститься их сладкой речью и роскошными драгоценностями, ты, о тюркский народ, погиб в большом количестве». Если прервется преемственность поколений в науке и в духовности (а это краеугольный камень казахского менталитета), то мы окажемся в интеллектуальном вакууме. В ряде европейских стран американская модель с докторантурой PhD и система аспирантура-докторантура функционируют параллельно. Так обстоят дела в Германии, Франции, России и др. странах. Для Казахстана, мне думается, было бы прекрасным вариантом сохранение преемственности образования – институтов аспирантуры и докторантуры. Для полноценного функционирования науки как компонента культуры необходимо поддерживать прочные связи и сотрудничество не только с западными странами, дальним зарубежьем, странами Центрального и Ближнего Востока, но и со своими надежными друзьями и партнерами – странами СНГ

— Большое спасибо за Ваши интересные ответы и конструктивные предложения. Поздравляем Вас, уважаемый Жакипбек Алтаевич, с 60-летием, желаем процветания и новых творческих исканий.)

Беседу вела Мямешева Галия

ПРОФЕССОР Ж.А.АЛТАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНЕН

ИЗ ТРУДОВ ПРОФЕССОРА Ж.А.АЛТАЕВА

ЕЖЕЛГІ МҰРА ЖӘНЕ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Еліміз егемендік алып, өз тәуелсіздігіміз өз қолымызға тиген тұста, ежелгі рухани мұраларымызға да қол жеткізуге мүмкіндіктер туды. Соның айғағы ретінде қазақ философиясын зерттеудегі алғашқы қадамдардың күәсі болған төмендегі ғылыми мақаланы қадірлі ұстазым марқұм профессор Ағын Қасымжановпен бірге жазып, 1992 жылы «Мұрагер» журналының № 2 санында жариялаған едік. Тамшыдан теңіз құралар дегендей, осы бастама Қазақстан философтары тарапынан қолдау тауып, қазақ философиясы қазіргі таңда үлкен философиялық мектепке айналып отыр.

Сол себепті, қазақ философиясындағы ғалым ізденістерімнің алғашқы бастауларының бірі болған осы бір дүниені кітаптың мазмұнына енгізуді жөн көрдім.

Халқымыздың ұлттық болмысындағы ескерілмей, еленбей келген қасиеттердің қаншалықты көп екеніне біз қазір жаңаша ойлау процесінің нәтижесінде көп нәрсеге қайта оралып, өткенімізге үлкен мән беру керектігін түсініп отырмыз. Өткен тарихымызды білмей бүгінгі күннің қадіріне жету, болашақты болжай білу өте қиын. Адамзаттың жинақтаған рухани байлығының қоры ұшан-теңіз. Адамзат жасаған бұл рухани байлықтар қазіргі таңда да өз құнын жойған жоқ. Бұлардың бәрі – баршаға ортақ қазына. Сол мәдени асыл мұраларды зерттеу, танып білу, бағалай білу – қазіргі ұрпақтың абыройлы да азаматтық, ұлттық парызы деп білеміз.

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық ойшыл талай азаматтары бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз еңбектерін көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби (870-950). Оның көптеген шығармалары қадым

заманнан күні бүгінге дейін латын, испан, иврит, неміс, ағылшын, француз, орыс, қазақ және де басқа тілдерге аударылып келеді. Сондықтан әл-Фараби тәрізді тамаша да ерекше тұлға туралы, оның дүниежүзілік мәдениетке қалдырған мұрасы туралы, бұл мұраның рөлі туралы сөз болғанда, тарихи-перспективаны сақтаудың маңызы аса зор. Мұны соншалықты бір жаңа идеялардың бастамасына айналдырудың ешбір қажеті жоқ. Әл-Фараби өз заманының перзенті екендігін біз түсінуге тиіспіз.

Айта кететін тағы бір үлкен мәселе, қазақ халқының ежелгі рухани мәдениетін, дүниетанымын кейінгі ұрпаққа танытып, білдіретін оқу-ағарту процесі болмақ. Өкінішке орай, біз жоғары оқу орындарында студенттерге философиядан дәріс бергенде үнді, қытай, грек, араб-парсы, орыс философиясы тарихына көп көңіл бөліп келдік. Себебі қазақтың ұлттық философиясы туралы зерттелген, жарияланған ғылыми еңбектер аз болды, оған оншама назар да аударылмады. Орысша шыққан оқу құралдарына арқа сүйеп, соларды пайдаланып жүрдік. Енді республикамыз егеменді болып бөлінгеннен кейін және ана тіліміз мемлекеттік тілге айналғаннан кейін халқымыздың өткен тарихын, мәдениетін, дүниетанымын жете зерттеп, оны жастар арасында кеңінен насихаттау қажеттігі туып отыр. Соның ішінде қазақтың ұлттық философия тарихын зерттеу ісі кезек күттірмейтін мәселелер қатарынан орын алып отыр. Әзірге әр жерде халық даналығы туралы сөздер, пікірлер айтылып жүргенімен, бұл саладағы мамандарымыз осы мәселеге тікелей ат салыса алмай келеді. Шындығын айту керек, бұл орайда әдебиеттің фольклорлық жанрында көптеген мазмұнды, мәнді зерттеулер жарыққа шығып үлгерді. Мұның өзін шамамыздың келгенінше жоғарыда айтылған мәселелерді оқырмандарға жеткізе білуге жасаған алғашқы қадамдарымыз деп түсінуге болады.

Іздене білсек қазақ халқының этногенезис, этно-рухани жағынан мың жылдан аса мәдениеті, философиясы, әдебиеті, тарихы бар. Біз тарихқа XIV ғасырдан бастап «қазақ» деген атпен еңсек те, ойлау мәдениетіміз, философиямыз сонау тереңде жатыр. Біз түркі, қыпшақ мәдениетінің төл мұрагерлерінің біріміз.

Біз көп жағдайда әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұннан кейін болған рухани сабақтастықты үзіп алып, XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларына ғана сүйеніп келдік. Мұның басты себебі – бір жағынан, ауыз әдебиетінен басқа жазып қалдырылған архив

материалдарының тапшылығынан десек, екінші жағынан, Қазан төңкерісіне дейінгі халқымыздың басым көпшілігінің оқи, жаза білмегендігі. Ал Кеңес өкіметінің Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңінде оларды зерттейтін маман кадрларымыздың саны аз болды. Оларды тереңірек зерттеу ісіне тек соғыстан кейінгі кездерде мүмкіндік туды. Белгілі шығыстанушы ғалым Ә.Дербісалиев өзінің «Жылғадан басталған дария», «Отырарлық екі жұлдыз» атты ғылыми еңбектерінде X-XVI ғасырларда қазақ даласынан шыққан ғалымдар мен ойшылдар, ақындар мен әдебиетшілер жайлы баяндайтын соны дерек, тың мағлұматтар берді. Онда Әбу Насыр әл-Фарабиден (870-950) бастап XI ғасыр ғалымдары: Исхақ әл-Фарабидің, Исмаил әл-Жауһаридің, Ахмад әл-Исфиджабидің, Әбу әл-Хасан, Әли әл-Исфиджабидің, Бурһан ад-Дин Ахмад әл-Фарабидің, Абу Алла Мухаммед бин Муса әл-Баласағұнның, Махмуд бин Әли ат-Таразидің, Әбу Таһир Мухаммад ат-Таразидің, Абд әл-Ғафур әл-Кердеридің, сондай-ақ XII ғасыр ғалымдары: Мухаммад әл-Кердеридің, Имад ад-Дин Әбу Қасым әл-Фарабидің (1130-1210), Махмуд әл-Фараби, Байлақ әл-Қыпшақи, Хусам ад-Дин әл-Хусейн ас-Сығанақидің, XIV-XV ғасырларда өмір сүрген Хафиз ад-Дин Мухаммад әл-Кердеридің, Исмаил әл-Хусайни әл-Фарабидің, Дауд ат-Түркістанидің, Хасан Әли Жалайыридің (XVI ғасырда өмір сүрген), Ахмад Әли әл-Қазақидің (шамамен XIX ғасырда өмір сүрсе керек) аттары аталады. Міне, көріп отырсыздар X-XIX ғасыр аралығында қаншама қазақ топырағының еңбектерін зерттеуіміз қажет. Себебі кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен. Мұның бәрі ашылмаған кітаптың беттері сияқты. Біздің парызымыз осыларды танып білу.

Осы аты аталған жерлес түркі ғұламаларының еңбектерін зерттеуіміз қажет. Себебі ұлттық ойлаудың түп-тамыры осында жатыр. Себебі қазақ халқының ойлау мәдениетінің қалыптасуына бұл ғұлама ойшылдардың ықпалы өте зор. Бар рухани құндылықтарымыз осы жарық жұлдыздарымыздың есімімен, шығармаларымен байланысты. Біз бұларды қадір қасиет тұтамыз.

Жеке тоқталар болсақ аты әлемге жайылған ұлы ғұлама философ Әбу Насыр әл-Фарабиді бірінші ауызға аламыз. Әл-Фараби ілімі жалпы мәдениеттің дамуына, шығыс мәдениетіне, Орта Азия және Қазақстан мәдениетінің дамуына ықпалы жан-жақты болды. Ол өз ана тілі түркі тілімен қатар араб-парсы грек ғылыми тілдерін жетік меңгеріп, мұсылмандық шығыс

мәдениетінің, философиясының дамуына үлкен ықпалын тигізді. Ол ғылыми шығармаларын өз дәуірінің рухани-ғылыми тілі саналған араб тілінде жазды.

Әбу Насыр әл-Фарабидің жеке басының өмір жолы, сірә, дүниежүзілік тарихтың логикасымен бір жерлерде барып тоғысатын болар. Осындай тоғысушылық болмайынша оның творчествосының ала бөтен ерекшеліктері түсініксіз болып қалуы да ықтимал. Амал нешік, оның өмірбаяны жөніндегі мәліметтер өте аз. Ол өзі түркі тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны мәлім, бұған дәлел – оның толық аты-жөнінде «тархан» деген атаудың болуы. Ол 870 жылы Отырар қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні - Әбу Насыр Мухаммед Ибн Мухаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби, яғни өз ныспысы Мухаммед, әкесі Мухаммед, оның әкесі Ұзлағ, арғы атасы Тархан. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Бараба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Кейде оны жай ғана «Тархани» деп те атайды.

Ежелгі түркілердің орталық қаласы Отырарды кезінде негізінен Қыпшақ, Қаңлы, Қоңырат тайпалары мекен еткені тарихтан мәлім.

Белгілі шығыстанушы ғалым А. Көбесов өзінің «Әл-Фараби» еңбегінің 38-бетінде Фарабидің руы қаңлы-қыпшақ деп көрсетеді. «Бұл шындыққа жақын келетін сияқты. Себебі «Тархан» деген атаудың төркінін екі түрде топшалауға болады. Біздің жерімізді мекендеген ежелгі түркі тайпалары «Тархан» деп әскери лауазымды кісілерді атайтын болған. Бұған орай Фараби әскери ортадан шықты деп жорамалдауға болады. Екінші жағынан, ежелден Сыр, Отырар бойын жайлаған (қазірде мекендеп отыр) тарихқа ертеден мәлім қаңлы тайпасында «Тархан» (кейде «Дархан» деп те атайды) атты ру болған (қазір де бар). Сондықтан да Фараби қазіргі қазақ ұлтын құрған байырғы рулардың бірі қаңлы-қыпшақтан шыққан деп айтуға толық негіз бар» [1].

Ізденуге, білімге құмарлық оны саяхатшылыққа итереді. Ол өз заманындағы көптеген мәдениет орталықтары: Хорасанада, Бағдатта, Дамаскіде (Шам), Алеппода, Каирде (Мысыр) болды.

Біздің заманға әл-Фарабидің тек негізгі шығармалары ғана келіп жетті. Ол шығармалар ежелден бері-ақ көршілес елдер жұртшылығына танымал болды, философиялық және ғылыми ойдың одан кейінгі дамуына олардың тигізген әсері сөзсіз.

Әл-Фарабидің шығармашылығында антик заманындағы дәстүрдің және «Бірінші Ұстаз» деп аталып кеткен Аристотельдің әсері және исламның әсерімен Аристотель идеяларының өзгеруі айқын көрінеді. Әл-Фарабидің Аристотельге бас игені сөзсіз. Сол сияқты ол Аристотель идеяларының ең жақсылары мен бағдарларын әрдайым тандап ала бермейтіні де даусыз. Бірақ біз үшін ерекше бағалы жағы сол, ол Аристотель ілімінің формальдық жағымен ғана шектелмейді, ол диалектика элементтерін, мәселені қарама-қарсы қоюына белгілі дәрежеде көңіл бөледі, сыртқы дүние мен сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын байланыс таным логикасының ірге тасы болып табылатынын дәлелдейді.

Фараби Аристотельдің, әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді. Ол 150 -160-қа тарта ірілі-ұсақты ғылыми еңбектер жазған.

Фараби философия саласы бойынша Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» мен «Софистикасына» түсініктемелер жазған. Ол еңбектері күні бүгінге дейін де мән-маңызын жоғалтқан жоқ.

Сондықтан да XI ғасырда өмір сүрген Фарабидің ізін қуушы атақты Ибн-Сина (980-1037) тек Әбу Насыр түсініктемелері арқылы ғана Аристотель еңбектерінің ойын ұғып, қуанғаннан қайыршыларға садақа үлестіріпті-міс деген қауесет бар.

Анығырақ айтсақ, Аристотель шығармалары сол кездің өзінде-ақ, араб тіліне аударылып үлгерген-ді. Араб шығысында Аристотельдің кейбір құнды ойлары бұрмаланып көрсетілді. Бірақ көп еңбектері тәржімаланбағандықтан ұлы грек философының ойын түсіну қиын болды. Сондықтан да көп тілдерді жетік білген Фараби Аристотель шығармаларына араб тілінде түсіндірме жазуды ұйғарды. Сөйтіп, ол ұлы философтың мұраларын, жаңсақ пікірлерден тазартып өз қалпында дұрыс түсіндіре білді, сөйтіп өзінің бірінші ұстазға деген ғылыми саласындағы үлкен адамгершілік, азаматтық іс-әрекетін таныта білді. Сондықтан да шығыс философтары оны «Ал муаллим ас-сани» - «екінші ұстаз» деп атаған.

Мәдениеттің кейінгі дамуына, соның ішінде Шығыс, Орталық Азия, Қазақстан, Кавказ халықтарының мәдениетіне әл-Фарабидің жасаған ықпалы әр тарапты болды және ұзақ уақытқа созылды. Барлық этникалық топтардың, соның ішінде түркі тектілер

өкілдерінің «мұсылман» Шығыстың мәдени өміріне белсенді түрде қатысуы әдеби тілді халықтық негізде дамыту әрекеттеріне қолайлы жағдай туғызды. Түркі тілінде жазылған Махмуд Қашқаридың және Жүсіп Баласағұнның шығармаларынан тамаша энциклопедист-ғалым әл-Фарабидің рационалистік және гуманистік идеяларының іздері айқын көрінеді.

Әл-Фарабидің дүниеге көзқарасына жалпы баға бере отырып, шығысты зерттеуші ірі ғалым А.Мецтің: «Мутазалиттер араб философиясына өзіне тән ерекше бағыт береді, бұл бағыт құдайдың мәні және атрибуты туралы өздерінің дерексіз зерттеулерімен Спинозаның іліміне, ол арқылы – бізге тигізді» [2], - дейді.

Аристотельдің «Никомахтың этикасында» (I кітап, §1) келтірілген схемасын негізге ала отырып, әл-Фараби философияны теориялық және практикалық деп екіге бөледі. Теориялық философия өзгермейтін тұрақты заттарды, практикалық философия өзгертуге болатын заттарды зерттейді. Философия әл-Фарабидің білуінше, адамда ғана болатын «ең ерекше» игілік-ақыл-парасат арқылы меңгеріледі. Ақыл-парасаттық қызметі қалай болса солай бет алды жүргізілмеуге тиіс, онда мақсатшылық сипат болады. Оның негізін логика өнері қарастыратын ойлаудың дұрыс әдістері құрады. Әл-Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастаған жөн.

Ғылым мен өнердің өрістеу кезеңі Ғаббасия халифатындағы саяси күрес жағдайында өтіп жатты. Бұл кезде ел билеген әулеттер бірін-бірі ауыстырып тұрады, белгілі бір халифаның таққа отыруы кейде кездейсоқ адамдарға байланысты болды. Әл-Фараби сияқты кең білімді дана адам өз өңірінде болып жатқан әлеуметтік құбылыстар жайында белгілі бір пікір айтпай отыра алмайды. Себебі Ғаббасия халифатында саяси ыдырау басталды, мұның салдарынан әдет-ғұрып, салт-жоралар азғындап, мұның өзі қоғамдық өмірдің негізін шайқалтты. Өз заманындағы әлеуметтік қайшылықтардан құтқарарлық жол көрсетуге тырысып, қоғамның өзіндік моделін – «жан-жақты жетілген» адамдардың «қайырымды қаласын» ұсынды. Мұндағы «қала» деп отырғаны – мемлекет. Әл-Фарабидің әлеуметтік этикалық трактаттары оның қоғамға, әкімнің жеке адамдардың рөлі мен міндеттеріне деген көзқарасын ұсынуға және олардың қандай болуын тілегенін көрсетеді.

Әлеуметтік-этикалық көзқарастарды зертегенде әл-Фараби грек ойшылдары Аристотель мен Платонның ықпалында болды. Әлеуметтік көзқарастар саласында Платонның, этикалық көзқарастар саласында Аристотельдің ықпалы басым болды.

Адамның қоғамдық табиғаты туралы әл-Фарабидің ойын Ибн-Баджаға және Ибн-Туфейльге қарсы болған Ибн-Рушд одан әрі ілгері дамытты. Ибн-Баджа мен Ибн-Туфейль тәңіріне мистикалық ой зердесімен тану арқылы жетіліп, бақытқа кенелетін жеке адамды қоғамнан бөліп тастау қажеттігін талап етті.

Әл-Фарабидің этикасының ең жоғары категориясы – бақыт, өйткені басқа бірдеңе үшін емес, тек өзі үшін қажет болатын игілік осы бақыттың бойына шоғырланған. Атап айтқанда, космология мен этика, жалпы философиялық конструкция (құрылым) және оның практикалық мағынасы осы шеңберде үштасады, өйткені философия болмайынша, дүниенің жалпы үйлесімін, оның құрылысының сұлулығын ұқпайынша шын бақытқа жетуге болмайды.

Әл-Фарабидің білуінше философия Платонның және Аристотельдің есімдерімен байланысты, өйткені оның айтуынша, бұлардың ілімдерінде алалық жоқ, олар философияның мәні ортақ мақсатқа-ақиқатқа жетуде деп есептейді.

Көне отырарлық өмір кешкен заманын көз алдына келтірерліктей тарихи мәліметтердің толық болмауы, оның өмірбаяны жөніндегі деректердің аздығы ғылымды асыра дәріптеуге, болмаған нәрсені оның есіміне жапсыруға хұқ бермейді. Мұндайлардың өзі ғылымға жат нәрсе және оның есімін тануға зиянын тигізеді. Сол сияқты әл-Фараби өмірі мен творчествосына тереңдеп енбейінше, оны шындап білмейінше, азды-көпті үйреншікті өрнекке айналып кеткен рыцарлық өткір элементтердің есебіне әл-Фарабидің бейнесін жасау әрекеті де нақ сондай ғылымға жат әрекет болып табылады және оның танымдық-эстетикалық тұрғыдан берері аз болып шығады. Әрине, сөз зергерінің өз ойынан қосып бейнелеуге хақысы бар. Бірақ мұның өзі шындыққа жақын қоспа болуы керек, дәл сол кезде мұндай жағдай болмаса да, сол дәуір шындығына жанасатын қоспа болуы тиіс. Ұлы адамдар жөніндегі мұндай шығармалардың үлгілерін дүниежүзілік әдебиет берді. Бұл үшін Бертольд Брехтің «Галилейін» атасақ та жетіп жатыр: мұнда ғалым тағдыры философиялық жалпылау дәрежесіне шарықтап көтеріледі, сол

арқылы жаңарып, қазіргі заманнан өз үндесін табады. Егер өзімізге жақынырақ мысал келтірсек, Әуезовтің «Абайы» өз халқына зор әсер еткен жеке адам туралы қалай жазудың тамаша үлгісін көрсетеді. Зерттеу, тағы да зерттеу – тарихи тақырыпты бейнелеуде жазушы мен суретшіні творчестволық табыстарға жеткізетін негіз, міне, осы.

Біз белгілі шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлиевтің еңбегі бойынша отырарлық ұлы жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фарабиден кейінгі осы өлкеден шыққан тағы бір ұлы тұлға – Имад ад-Дин Әбу-л-Қасым әл-Фарабиді (1130-1210) тұңғыш рет біліп отырмыз. Қазақ жерінің осынау зиялы ғалымын белгілі түрколог Н.Ф.Катанов (1862-1922) отырарлық еді деп жазады [3].

Имад ад-Дин Әбу-л-Қасым кейбір мағлұматтарда 1210, ал енді бірінде 1220 жылы қайтыс болған деп көрсетілген. Соған қарағанда ол отырарлық моңғол шапқыншылары қиратар алдында ғана қайтыс болған сияқты.

Шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлиевтің айтуынша Әли бин Махмуд ар-Раид әл-Бадахшани (XIV) атты ғалым, яки хаттат (каллиграф) арқысында жеткен. Жерлес ғұламаның аталған шығармасының көлемі үлкен. Ал батахшандық оқымысты оны қысқаша мазмұндап шыққан. Оның ықшамдаған осы нұсқасын ориенталист И.Ф. Готволд 1851 жылы қазанда бастырған.

Имад ад-Дин Әбу-л-Қасым әл-Фараби «Халисаоту-л-хуласасы» ақын мен ғылым, иман мен ислам, ниет пен әдет, ашу мен ұят, үлкенді сыйлау, кешірімшіл болу, жомарттық пен сараңдық, кедейлік пен байлық, әділдік пен жауыздық, парасаттылық, ашкөздік пен күншілдік секілді толып жатқан моральдық күрделі мәселелерді сөз етеді. Ол үлкенді-кішілі елу тарауға бөлінген. Автор сондай-ақ ғылым, білімді игеру, ғалымдарды құрметтеу, сауысқандай сақ, ауызды бағып сөйлеу, отбасының берекесі, баланы жақсы азамат етіп тәрбиелеудің маңызы, сонымен қатар пайдакүнемдіктің жексұрындығы, әйел қауымын құрметтеу секілді тәлім-тәрбиелік мәні бар тағы да басқа мәселелерді сөз етеді. Шығарманың композициясы мен баяндау тәсілі ортағасырдың классикалық араб әдебиетінің үздік інжу-маржандарын еске салады. Дегенмен, онда тек тәлім-тәрбие проблемалары ғана емес, сондай-ақ құран мен хадистен алынған түрлі тарихи мифологиялық сюжет желілері де жиі ұшырасады.

Отырарлық ғалым еңбегі кезінде шығыстанушылар Х.Л.Флейтер (1861-1883), Г.Л. Флигель (1802-1870), К. Брокельмен (1869-1856), Ш.Стори (1888-1967) секілді т.б. ориенталист ғалымдар назарын аударған. Араб тілінде жазылған бұл трактат күні бүгінге дейін зерттелген жоқ. Шығарманың түрлі нұсқаулары Берлин, Вена, Каир, Калькутта іспетті қалалардың кітапханаларында сақтаулы. Отырарлық ұлы жерлесіміз Имад ад-Дин әл-Фарабидің өмірі мен қызметі туралы оның көп еңбектері туралы қолымыздағы мағлұматтардың жоқтығынан ол туралы көлемді жазуға әзірге мүмкіндік болмай тұр. Дегенмен, оның мұраларын талмай іздеу, зерттеу біздердің парызымыз.

Өткен замандардың әйгілі мәдени ескерткіштері адамзат рухынан түзілген мөлдір қабаттарға жатады. Қазіргі дәуірде адамзат қауымы адамгершілік атаулыдан жинақталған тәжірибені мүмкіндігінше толық игеруге оны бөлшектеуге, қиратуға бағытталған күштерге қарсы қоюға ұмтылып отырған кезеңді басынан кешіруде. Кезінде біздің ата-бабаларымыз да біз секілді «бақыт деген не?», «Адамгершілік, адалдық, әділдік, даналық деген не?» деген секілді мәңгілік сұрауларды қабырғасынан қойған болатын. Солардың бірі «Құтадғу білік» поэмасының авторы Жүсіп Баласағұн еді. Әрине, оның өзіне ғана белгілі өз әлемі болды. Ол оны басқаларға үрім-бұтағына біздерге сыйлағысы келді. Жүсіп өз заманындағы ірі тұлға болғаны сөзсіз. Баласағұнның дүниеден өткеніне 900 жыл болса да, оның туындыларының өміршендігін, біздің ақыл-ой санамызда, көңілімізде қанағат сезімін тудыратынын айта аламыз.

Сондықтан да кез келген аймақ, әрбір халық өз тарихына үңіліп, ондағы бірінші дәрежелі жұлдыздар тізіміне енетін, яғни ешқашан мәнін жоймайтын, жалпыға ортақ, мәдени игіліктер тізіміне енетін дүниелерді қайта қарап, саралауға тиісті. Олай болса, «Мың бір түн», «Шах-наме», «Жолбарыс терісін жамылған батыр» секілді әлемдік әдебиет үлгілерімен қатар «Құтадғу білікті» де өз бойына мәдени эстетикалық байлық жинақтаған қазына деп айта аламыз. Сонымен бірге Жүсіптің поэмасы көне түркілердің тілдік сана-сезімі өрлеуінің белгісі болған маңызы зор ескерткіш. Біртұтас үлкен тілдік семьяның өкілдері Жүсіп Баласағұнмен өздерінің туыстығын білдіре алады. Бұл жерде қырғыздарды, ұйғырларды, түркімендерді, қазақтарды, әзірбайжандар мен түріктерді атауға болады. Мәдени, саяси және этникалық жіктердің

тарихы өзгерткіштеріне, мәдениеттер, тілдер тағдырына үндестік туыстыққа, миграцияларға байланысты ұсақ-түйек детальдарды қазбаламай, географиялық көзқарас тұрғысынан қарастырған кезде Жүсіптің қырғыз және қазақ халықтарына жақынырақ екені білінеді. «Манас» пен «Құтадғу білік» арасында айқын ұқсастықтар бар. Жүсіптің дүниетанымында философиялық, шамандық, исламдық – 3 сарын бар. Ол бірдей поэтикалық дәстүрден парсы-тәжік (Рудаки, Фердауси) және түркі (жазба және ауызша) дәстүрінен нәр алады.

Зерттеушілер, әсіресе, Баласағұн поэмасындағы «Шығыс ренессансы» идеяларымен байытылған әрі өткір, актуальды, әрі эмоционалды айқын өмір философиясына назар аударды. Жеке халықтың тілі мен мәдениетін жалпы адамзат мәдениетінің күрделі тұтастығынан, шетсіз-шексіз диалог жүріп жатқан үлкен тарихи уақыттан тыс түсінуге болмайды, мәдениеттің ұлы туындыларының өзі де осындай үлкен уақытқа ғана сияды емес пе?

«Үлкен уақыт дегеніміз – шексіз, шетсіз аяқталмайтын диалог, бұл диалогтарда бірде-бір мән-мағына өлмейді» [4], сонымен бірге мұнда өз уақытына қарағанда интенсивтірек, толығырақ ғұмыр кешу мүмкіндігі бар.

Үлкен уақыт деңгейінде жекеленген мәдениет құбылыстарынан халықтар мен ұлыстардың, жекелеген мәдениеттердің ғасырлар мен мыңжылдықтардағы өзара түсінісуіне адамзат мәдениетінің күрделі бірлігіне көшу перспективасы ашылды.

Орта Азия халықтары әдебиетіне іштей және сырттай әсер еткен байланыстарды ескере отырып, Н.Конрад: «Орта Азия халықтарының мәдениеті, оның ішінде әдебиеті де орта ғасырлардағы Иран және Түркі халықтары мәдениетімен олардың өз заманында жалпы әлемдік әдебиет атауының шыңы болып санаған бай әдебиетімен тарихи тұрғыдан байланысты болса, өз кезегінде бұл халықтардың мәдениеті және араб, үнді мәдениетімен тығыз байланыста болған» [5], - деп жазды.

«Құтадғу біліктің» европа әлеміне әйгілі болуы австриялық шығастанушы Фон Хаммер Пругшталь есімімен тікелей байланысты. Ол 1796 жылы Стамбул қаласында аталмыш қол жазбаны қолға түсіріп, Вена кітапханасына сыйға тартқан болатын. Еңбекті алғаш рет неміс тілінде жарыққа шығарған белгілі шығастанушы Г.Вамберн 1891-1910 жылдары дастанның түпнұсқасымен қоса,

оның немісше аудармасын жариялаған. В.В.Радлов еңбегінен кейін ғана поэма шын мәнінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады.

Дастанның үзінділерін тұңғыш рет орыс тіліне аударған С.Е.Малов 1971 жылы Н.Гребнев «Бақытты болу ғылымы» деген атпен дастанның еркін аудармасын жасады. 1970 жылы К. Керимов «Құтадғу білікті» өзбек тіліне аударды. Ал дастанды 1986 жылы қазақ тіліне Асқар Егеубаев тәржімалады. Үш қолжазбаның (Вена, Каир, Наманган) текстерін сын елегінен өткізіп, елеулі еңбек еткен

Р.Р.Арат, 1947 жылы дастанның ғылыми тұрғыдан бір ізге түсірілген желісін жасап шықты. «Құтадғу біліктің» толық текстін «Рақатқа жетелейтін ілім» деген атпен 1983 жылы орыс тіліне аударған - С.Н.Иванов. Дастанның академиялық деңгейдегі басылымы академик А.К. Кононовтың редакциясымен, жекелеген бәйттер туралы мақалалар мен түсініктемелері қосылып А.К.Кононов пен С.Н.Иванов редакциясымен жарық көрді. 1970 жылы Ленинград қаласында «Құтадғу білікке» арнайы өткізілген IV түркологиялық конференцияда осы ескерткішті жүйелі түрде жан-жақты терең зерттеу қажеттігін атап көрсетті.

Баласағұн шығармашылығын, оның еңбегі жазылған дәуірді зерттеу ісі аса көрнекті орыс шығыстанушылары В.В.Бартольд және С.Е.Малов, белгілі совет тарихшылары әрі әдебиеттанушылары: Е.Э.Бертельс, А.Н.Самойлович, А.Н.Кононов және т.б. ғалымдар арқылы ойдағыдай жалғасын тауып отырды.

Байқап отырғанымыздай, қазіргі ғылымда Жүсіп Баласағұн шығармашылығы бойынша біршама көлемді зерттеулер бар. Алайда ойшыл ақын шығармасына арналған ғылыми ізденістердің негізінен тарихи-филологиялық тұрғыда жүргізілгенін, ескерткіштің лингвистикалық, әдеби, тарихи және мәдениет тарихы жағынан маңызы аса зор болғандықтан, оны зерттеудің ауқымы мен тереңдігін дамыту өте қажет екендігі айтылып жатқанмен, шын мәнінде ескерілмей келгені белгілі.

А.Н.Кононов «Құтадғу білікті» философиялық шығарма деп атайды. С.Н.Иванов: «Дастанның философиялық негіздері зерттеуді дәл түсіндіруді қажет етеді», - деп ескертеді. Этика бойынша жазылған кітаптардағы шағын тақырыпшалар, жеке мақалалар, әрине Жүсіп Баласағұнның рухани байлығын толық таныта алмайды.

Оның ойшыл суреткер ретіндегі жалпы шығармашылығына объективті баға беру міндеті алдымызда түр. Баласағұн поэзиясын біртұтас, соның ішінде философиялық тұрғыдан оқып тану өз

кезегінде орта ғасырлық ойшыл акынның күрделі ішкі әлемінің кілтін табуға, оның тереңде жатқан қатпар-қабаттарын ашуға көпшіліктің тілегі мен ниетінен шығуға көмегін тигізеді. «Құтадғу білікті» тарихи-мәдени талдау объектісіне айналдыру дамудың ортағасырлық кезеңіндегі түркі халықтарының қоғамдық ойының тарихын, көркемдік дәстүрлерінің одан әрі тиянақты зерттелуіне жол ашады.

«Құтадғу білік» дастанның неғұрлым интенсивті толыққанды өмір кешуі өз кезіндегіден гөрі біздің заманымызда белсендірек болмақ, себебі оның идеялық мазмұны мен маңызы үлкен тарихи уақытқа енеді, ол уақыт өткен кезеңнің белгілі бір шектеулігін жояды да ғасырларға ұластырады. Дастан тек уақыттық өлшем бойынша шексіз емес, оның көркемдік мазмұндық тереңдігі мәдениет әлемі үшін шексіз ашық.

Ал біз өз тіршілігіміздің тарихи екендігін есімізге түсірсек, ата-бабаларымыздың қалай өмір сүргені, қалай ойлап, қалай күн-кешкенін білуге деген құмарлығымыз қарапайым таңсықтық шеңберінен шығып кетеді. Әрбір ұрпақ өз іс-қимылы арқылы белгілі бір ұзақ уақытқа созылатын, мәнді бағдар табу жолында «парасатты ғұмыр кешу құқығы» секілді рөл атқарады.

Бірден тұжырымдап айта кету керек: Жүсіп Баласағұн Шығыс мәдениетінің жалпы дамуына үлкен үлес қосқан, дәлірек айтқанда, оның шығармашылығында шығыс философиясы перипатетизмнің сарыны айқын аңғарылады. Әңгіме Аристотельден басталып, әл-Фараби, Ибн-Сина жалғастырған қуатты мәдени-философиялық дәстүр туралы болып отыр. «Құтадғу білік» авторына сол дәстүрдің әсер еткенін неміс шығыс зерттеушісі О. Альбертс алғаш атап көрсеткен. Біз де принципті және жүйелі түрде осы пікірдің дұрыстығын қуаттаймыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Көбесов А. Әл-Фараби, 1971, 38-39 бб.
2. Мец А. Мусульманский ренессанс. М., 1966ж - 169-б.
3. Дербісалиев Ә. Имад Ад-дин Әбу-әл-Қасым әл-Фараби орта ғасырдың ойшылы, педагогы /Сб. «Фараби в диалоге времен». - Алматы, 1991, 90-б.
4. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. 392-б.
5. Конрад Н. Октябрь и филологические науки //Новый мир, 1971, №1, 214-б.

К ПРОБЛЕМЕ «ДРУГОГО»

Проблема «другого», на наш взгляд, является одной из центральных для философии. Ибо дискурс «другого» носит одновременно и онтологический, и гносеологический, и аксиологический характер. Проблема бытия человека и мира возникает в контексте разрешения проблем: «Я» и этот внешний – «другой» мир; «Я» и этот «другой» - внутренний мир. «Звездное небо над головой и внутренний закон во мне» как «другие» постоянно требуют познания и ценностного осмысления.

Проблема «другого» многогранна, универсальна по своей сущности. Как и любая философская проблема, она носит прежде всего культурно-исторический характер. Проблема «другого» имеет как культурное, так и историческое измерение.

В силу универсальности закона единства многообразия в единой общечеловеческой культуре для любой культуры имеет место «другая» культура. Запад и Восток, многообразие региональных и этнических культур – выражение данной по сути трансцендентной формы сознания. Это многообразие генетически рождалось из многообразия языка, религий, способов ведения хозяйства, что, в конечном счете, было обусловлено разнообразием климатических и ландшафтных условий.

Человечество мучительно прошло через деление мира на «нас» и «других» в форме «господства» одних над другими: Ойкумена и остальной мир; Рим и варвары; Поднебесная и варвары, которые находятся за Стеной; Европа, пришедшая с мечом и крестом и индейцы Америки; колонизация Западом остального мира и т.д. Мировая культура строилась на идеологии власти и силы, обеспечивавших «господство», которое в свою очередь обеспечивало лучшую жизнь «одних» за счет «других». Господство как форма культурного бытия доминировала над признанием «другого» как равного «себе». В какой-то степени вся история человеческой культуры – это, по сути, преодоление конфликтности, которую порождает «Другой», это бесконечные войны, в которых «сгорала» жизненная энергия человечества. И сейчас порою появляются

различные теории, актуализирующие и гипертрофирующие конфликтность сознания «другого». Так, проблему «другого» трансформируют в теорию «столкновения цивилизаций», когда за туманными рассуждениями о сотрудничестве и взаимодействии культур и цивилизаций, по сути, исходя из старого сознания господства, вновь обосновывается «превосходство» западной и американской цивилизации, противопоставляя их «другому», отличному от них миру: «Будущее и мира, и Цивилизации зависит от понимания и сотрудничества между политическими и интеллектуальными лидерами главных мировых цивилизаций. В столкновении цивилизаций Европа и Америка будут держаться вместе – либо погибнут поодиночке. В более масштабном столкновении, глобальном «настоящем столкновении» между Цивилизацией и варварством, великие мировые цивилизации, обогащенные своими достижениями в религии, искусстве, литературе, философии, науке, технологии, морали и сочувствии, также должны держаться вместе, или же они погибнут поодиночке. В нарождающейся эпохе столкновения цивилизаций представляют величайшую угрозу миру во всем мире, и международный порядок, основанный на цивилизациях, является самой надежной мерой предупреждения мировой войны» [1, с. 532]. Как видно из контекста высказанных идей, актуализируется только негативная, конфликтная сторона сознания «другого», тем более эти идеи суть продолжение апокалипсического сознания иудео-христианского мира. И здесь явно прослеживается идея превосходства «нас» и принижения, отрицания «других».

Но, с другой стороны, человечество, понимая свою единую родовую сущность, всегда стремилось к культурному единству, преодолевая различия. Мировая культура как органический синтез этнических культур выступала определенным идеалом и целью культурно-исторического процесса. В наши дни (если не брать эрзац массовой культуры) человечество за счет цивилизационных достижений движется к единству мировой культуры как органическому единству самобытных этнических культур. на основе доминирования общечеловеческих ценностей. Идет синтез западных и восточных культурных ценностей. Культура в своем стремлении к самосохранению все более заботится о сохранении специфики и особенностей разных культур.

В культурном измерении в истории человечества диалектически и сопряженно присутствуют две тенденции: стремление к единству и стремление к обособленности, стремление реализовать идеал «Мы» и сохранить уникальность «Себя». При этом эти тенденции продолжают пересекаться в решении проблемы «другого», когда культура в целом стремится к единству при сохранении внутреннего многообразия, когда в диалектике встречаются «мы» и «другие». Поэтому более оптимистичной теорией является теория «диалога цивилизаций», которая, исходя из признания наличия «других», провозглашает равенство культур и цивилизаций и построения мира на основе равноправного диалога: «... мы должны будем уделить особое внимание коллективному аспекту существования человека, подчеркнув беспредельный диапазон человеческой цивилизации и особенно то, что ни одна из основных культур или цивилизаций не развивалась в изоляции от других. ... диалог между культурами и цивилизациями требует и умения «говорить», и умения «слушать». Умение слушать – это большое достоинство, которое необходимо культивировать и которым обладает не каждый... Оно подразумевает активное вовлечение в диалог, когда перед слушателем раскрывается мир, созданный, открытый или познанный говорящим» [2, с. 39].

Во-вторых, проблема «другого» имеет и социально-исторический характер. В любом социуме и в разные исторические эпохи на основе разнообразия биологических ролей и способностей человека, разделения труда как базовых основ общества возникали и возникают различные группы, в зависимости от степени обладания профессиональными качествами, собственностью и богатством, властными полномочиями. При этом все члены общества зависят друг от друга, взаимодействуют и противостоят друг другу, то есть все общество пронизано сознанием «Мы» и «Они», что, естественно, порождает и сознание диалектики «нас» и «других».

Путем диалектического отрицания на разных социальных уровнях и типах отношений сознание «мы» и «другие» пирамидально стремится к сознанию «Мы» в контексте единства социума, будь то сознание рода или племени, народа или нации, государства или объединения государств. «Безмерной ошибкой было бы предположение, будто представленная себе жизнь стремится к эгоизму, - по своей сущности она неизбежно альтруистична. Жизнь это

космический альтруизм, она существует лишь как постоянное перемещение от жизненного Я к Другому» [3, с.36]. Действительно, в настоящее время актуализируется сознание «Мы» как планетарное сознание, характеризующее стремление человечества осознать себя единой семьей на Земле. При этом диалектика сознания «другого» рождает поиск «других» миров: внеземных цивилизаций, параллельных миров, следуя космической сущности человечества.

Мы можем различать «другое» и на уровне индивидуального сознания. «Ибо при всем многообразии явления «человек» существенным является то, что люди значимы друг для друга. Повсюду, где они встречаются, они интересуются друг другом, испытывают друг к другу антипатию или симпатию, учатся друг у друга, обмениваются опытом. **Встреча людей является чем-то вроде узнавания себя в другом, который признан как этот самый другой (выд. авт.).** В этой встрече человек узнает, что у него, каким бы он ни был в своей особенности, общее со всеми другими людьми в том единственном, чего у него, правда, нет и чего он не знает, что им, однако, незаметно руководит и на мгновения переполняет его и всех других энтузиазмом» [4, с. 254]. В силу своей социальной, коллективной сущности индивид может состояться как личность только через принятие «другого». Субъективность человека обусловлена объективностью для него «другого»: другого человека, другого мира. На уровне индивидуального сознания через осмысление, самопознание, утверждение своего Я появляется также и другое для себя: другой человек, космос, жизнь, мир.

Если следовать феноменологии Гуссерля, то «другой» появляется в силу того, что «субъекты всегда и неизбежно встречают один другого как «чужого», их бытие слито с некими абсолютными «здесь, а не там» их телесной плоти; они не могут обладать одним и тем же «здесь» (или, соответственно, «там»). Такова феноменологическая картина, платформа темы особого восприятия другого...» [5, с. 243].

При этом феноменологическая природа «другого» решается в позитивном понимании интерсубъективности: «... с одной стороны, «другие» воспринимаются так же, как «вещи» (или даже в качестве «вещей»), как объекты мира; но, с другой стороны, они

мыслятся как субъекты, как воспринимающие мир (причем тот же самый, который воспринимаю и «Я сам»). К тому же они мыслятся, как способные воспринимать мое бытие, мое Я в качестве «другого», среди иных «других». Таким образом, «мир другого» - это своеобразный интенциональный объект, и «наличие» объекта приобретает характеристику «свойственности» (соответственно, «несвойственности»), а «собственное» Я воспринимается – может быть, прежде всего – как «не-чужое». Одновременно меняется облик и всего мира феноменов: он обретает свойство «бытия-для-всех-вообще» (и, соответственно, «для-меня»), которых до проблематики «другого Я», конечно же, не было» [5, с. 242].

Если следовать Хайдеггеру, то проблема «другого» решается через самость как своеобразную субстанцию экзистенции человека. ««Другие» означает не то же, что весь остаток прочих помимо меня, из коих выделяется Я, другие – это, наоборот, те, от которых человек сам себя большей частью не отличает, среди которых и он тоже. Это тоже-присутствие с ними не имеет онтологического характера «со»-наличия внутри мира. «Со» здесь присутствие размерно, «тоже» означает равенство бытия, усматривающе-озаботившегося бытия-в-мире. «Со» и «тоже» надо понимать экзистенциально, а не категориально. На основе этого совместного бытия-в-мире мир есть всегда уже тот, который я делю с другими. Мир присутствия есть совместный-мир. Бытие-в есть со-бытие с другими. Внутримирное по-себе-бытие есть соприсутствие» [6, с. 118]. То есть самость как бытие Я и возможно как соприсутствие, как бытие-с-другими. Именно бытие с другими вычленяет самость как отличие от «других», тем самым актуализируя ядро своего Я.

Но это всего лишь одна сторона субъективности. Через узнавание себя в «другом» человек переходит на следующий уровень осознания «другого». Другого в Себе. При этом имеются внешние проявления этого процесса, феноменальные по своей природе. Это и «другой» Я как социальная роль, часто приходящая в противоречие с Собой, это и раздвоение личности, когда в человеке присутствуют как бы два «других», это и отказ человека от собственного Я и присоединение к другой культурной или религиозной целостности. Но можно говорить и о другом аспекте осознания «другого» в себе» как «внутреннем» процессе осознания. Тогда мы входим в сферу разделения психической личности, когда «Я может взять себя в качестве объекта, обращаться с

собой как с прочими объектами, наблюдать себя, критиковать и бог знает, что еще с самим собой делать. При этом одна часть Я противопоставляет себя остальному Я» [7, с. 335]. В нашей терминологии Я находит в себе «других». Я и как другое «Сверх-Я», Я и как «другое» Оно. Эти «другие» по отношению друг к другу опять же помогают понять себя как целостное Я. Понимание процессуальных и функциональных связей между ними дает возможность понять «наисобственнейшее Я» как подлинный субъект. Таким образом, и в сфере психоанализа проблема «другого» присутствует как проблема единства много-образия, как проблема целостности.

Проблема «другого» непосредственно связана и с проблемой идентификации. Именно идентификация и самоидентификация есть суть решения проблемы «Я-Другой», и наоборот. «Все идентичности требуют «значимого другого». С помощью некоторого другого и через отношения с ним и реализуется идентичность личности. Но другой может в своих действиях способствовать формированию и нежелательной идентичности. Комплиментарность – взаимозависимость идентичности – это функция персональных отношений посредством чего «другой» наполняет или комплектует идентичность» [8, с. 35].

Таким образом, в данной статье в тезисной форме раскрыты отдельные аспекты философской проблемы «другого», как проблемы дискурса, универсальности и значимости категории «другого» в раскрытии общих проблем, стоящих перед человеком и обществом.

Использованная литература:

1. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций /С.Хантингтон; Пер. с англ. Т.Велимеева, Ю.Новикова. - М.: АСТ, 2003. - 603 с.
2. Сейид Мухаммад Хатами. Диалог цивилизаций: путь к взаимопониманию. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 464 с.
3. Ортега-и-Гассет Х. Что такое философия? - М.: Наука, 1991. - 408 с.
4. Ясперс К. Смысл и назначение истории: Пер. с нем. М.: Политиздат, 1991. 527 с. – (Мыслители XX в.).
5. Зотов А.Ф., Мельвиль Ю.К. Западная философия XX века: Учебное пособие. М. Проспект, 1998. - 432 с.
6. Мартин Хайдеггер. Бытие и время /Перевод В.В.Бибихина. М.: AD MARGINEM, 1997. - 451 с.
7. Фрейд З. Введение в психоанализ: Лекции/Авторы очерка о Фрейде Ф.В. Бассин и М.Г. Ярошевский. М.: Наука, 1989. - 456 с.
8. Павлова О.Н. Идентичность: история формирования взглядов и ее структурные особенности. - М., 2001. - 51 с.

БІРЛЕСІП ЖАЗҒАН АВТОРЛАРДЫҢ ЕСІМ КӨРСЕТКІШІ

ИМЕННОЙ УКАЗАТЕЛЬ СОАВТОРОВ

Байтенова Н.Ж.	16, 17, 20, 72, 73
Бурова Е.Е.	16, 17,
Ғабитов Т.	10, 12, 15, 20, 23
Есім Ғ	16, 17, 20, 23
Жиенбекова А.	56
Жұмабай Л.Ж.	64
Изатов М.З.	16, 17
Қасабек А.	2, 4, 10, 11, 12, 15, 16, 17, 18, 19, 20
Қасымжанов А.Х.	29, 30
Мұхаметәли Қ.	11, 12, 15, 18, 20
Нарибаев К.Н.	71
Нұржанов Б.Ғ	16, 17
Орынбеков М.	3, 16, 17
Рахматуллин К.Х.	16, 17
Сабит М.	16, 17

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	5
Профессор Ж.А.Алтаевтың өмірі мен ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі кезеңдері	7
Философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтайұлы Алтаевтың ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі туралы қысқаша очерк	9
Философия ғылымдарының докторы, профессор Ж.А.Алтаевтың өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер	14
Философия ғылымдарының докторы, профессор Ж.А.Алтаев еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші	15
Профессор Ж.А.Алтаевтың редакторлығымен шыққан еңбектері	21
Ж.А.Алтаевтың ғылыми жетекшілігімен қорғалған диссертациялар ..	22
Докторлық диссертация даярлау үстіндегі зерттеушілері	24
Кандидаттық диссертация даярлау үстіндегі зерттеушілері	24

Философия ғылымдарының докторы, профессор Ж.А.Алтаев туралы мақалалар

<i>Қасабек А.</i> Рухани тұтастық философиясы	27
<i>Мырзалы С.</i> Көрнекті ғалым, ұстаз, тұлға	33
<i>Ысқақтегі Т.</i> Досымның ғылыми және адами келбеті	38
<i>Абдраимов Ә.Б.</i> Қазақ философиясының тарихын зерттеу методологиясы туралы	43
<i>Мямешева Г.</i> Истоки мудрости Великой Степи: диалог с профессором Ж.Алтаевым	52

Профессор Ж.А.Алтаевтың еңбектерінен

Ежелгі мұра және дәстүр жалғастығы	61
К проблеме «другого»	73
Бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіші	79

СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие.....	6
Основные даты жизни и научно-педагогической деятельности профессора Ж.А.Алтаева	8
Философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтайұлы Алтаевтың ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі туралы қысқаша очерк	9
Литература о жизни и научных трудах доктора философских наук, профессора Ж.А.Алтаева	14
Хронологический указатель трудов доктора философских наук, профессора Ж.А.Алтаева	15
Труды, изданные под редакцией профессора Ж.А.Алтаева	21
Диссертации, защищенные под научным руководством Ж.А.Алтаева.....	22
Соискатели на докторские диссертации.....	24
Соискатели на кандидатские диссертации.....	24

Статьи, посвященные доктору философских наук, профессору Ж.А.Алтаеву

<i>Қасабек А.</i> Рухани тұтастық философиясы.....	27
<i>Мырзалы С.</i> Көрнекті ғалым, ұстаз, тұлға.....	33
<i>Ысқақтегі Т.</i> Досымның ғылыми және адами келбеті	38
<i>Абдраимов Ә.Б.</i> Қазақ философиясының тарихын зерттеу методологиясы туралы.....	43
<i>Мямешева Г</i> Истоки мудрости Великой Степи: диалог с профессором Ж.Алтаевым	52

Из трудов профессора Ж.А.Алтаева

Ежелгі мұра және дәстүр жалғастығы.....	61
К проблеме «другого».....	73
Именной указатель соавторов	79

**Алтаев
Жақыпбек Алтайұлы**

Библиографиялық көрсеткіш

*Редакторлары: В.Сейтқұлова, К.Сәбит
Компьютерде беттеген З.Ақажанова*

ИБ № 4155

Басылуға 21.04.2008 жылы қол қойылды. Пішімі 60x90 1/16. Көлемі 5,125 б. т.
Офсетті қағаз. RISO басылыс. Тапсырыс № 81. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050038, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды →